БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№128 (9446) | 1954 жылғы 29 июнь Сейсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы туралы Информациялық хабар (1-бет).

Көп балалы аналарды «Ана даңқы» ордендерімен және «Ана медалі» медальдарымен наградтау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдары. (1-бет).

ОБЛЫСЫМЫЗДА. Омарта шаруашылығы. Еңбек озаттары. Жастардың инициативасы (1-бет).

ПАРТИЯ БАСШЫЛЫҒЫН КОЛХОЗ, СОВХОЗ, МТС ӨНДІРІСІНЕ БАРҒАН САЙЫН ЖАҚЫНДАТА БЕРЕЙІК. **Н. Силантьев.** —Партия ұйымының ролі артуда. **Д. Дараган.** —Социалистік жарысқа партия басшылығы. **Г. Шалимов.** — Колхоздардың басшы кадрларын нығайту табыс кілті. **А. Сергеев.** — Жаңа совхоздардың партия ұйымы. **А. Макаров.** — Нұсқаушының міндеті. **Н. Грачев.** —Ұйымдастыру жұмысын жақсарта береміз. (2-бет).

ШӨП МАШИНАЛАРЫНЫҢ ҚУАТЫН ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНАЙЫҚ. **Б. Жақыпов.**—Совхоз пішеншілерінің қажырлы еңбегі. **П. Чупрасов.** —Мал азығын дайындауды егін жыйнауға дейін аяқтаймыз. **З. Федоров.** —Жемшөп әзірлеуге қамқорлық (3-бет).

Н. Кулавский. —Шаршы- ұялап егілген жүгері мен күнбағысты күту ісін үлгілі өткізейік (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ. **С. Аяғанов.** —Салақтық па, салқын қараушылық па? **М. Мусин.**—Елді пункттерді көркейтуге мән бермей отыр. (3-бет).

Гватемаланың шағымын Хауіпсіздік Советінде АҚШ сәтсіздікке ұшыратуда (4-бет).

ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы

Жуырда Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы болып өтті.

Пленум көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы мәселе қарады. Пленум бұл мәселе бойынша ССРО Ауыл шаруашылығы министрі **И. А. Бенедиктов** жолдастың, РСФСР Ауыл шаруашылығы министрі **П. П. Лобанов** жолдастың, ССРО Совхоздар министрі **А. И. Козлов** жолдастың, РСФСР Совхоздар министрі **Т. А. Юркин** жолдастың және ССРО Дайындау министрі **Л. Р. Корниец** жолдастың баяндамаларын тыңдап, талқылады және тиісті қаулы қабылдады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ПАРТИЯ БАСШЫЛЫҒЫ ЖАҢА МІНДЕТТЕР ДӘРЕЖЕСІНДЕ БОЛСЫН

Облысымыздың колхозшы шаруалары мен МТС, совхоз қызметкерлері ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, әсересе, тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін ұлғайту жөнінде партия мен үкмет белгілеп берген программаны жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Олардың мақсаты —елімізде астықты, сүтті, етті, майды, жүнді және ауылшаруашылық өнімдерінің басқа да түрлерін көптеп беру болып отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асыру партия ұйымдары тарапынан ауыл шаруашылығына басшылық ету дәрежесін онан әрі жақсарта беруді талап етеді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету үшін қажетті материалдық жағдайлар мен мүмкіншіліктердің бәрін жасап отыр. Мәселе осы мүмкіндіктер мен жағдайларды пайдалану үшін партия ұйымдарының колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерінің қалың бұқарасын бастап, оларды ауыл шаруашылығын мықтап өркендету жолындағы күреске бастай білулерінде.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес, партия аппаратының аудандық буынын қайта құру, аудандық партия комитеттерінің МТС, совхоз аймақтары бойынша нұсқаушылар топтарын құру, олардың құрамын тәжрибелі кадрлармен толықтыру, партия басшылығын ауылшаруашылық өндірісіне қажет. Кәзір әрбір партия қызметкерінің жұмысы әрбір колхоздағы, МТС-тегі істің нақтылы жайымен бағаланады.

Селолық партия қызметкерлері саяси жұмысты шаруашылық міндеттермен ұштастыра білуге үйренуі керек. Кейбір жолдастар өткізілген әңгімелер мен жыйналыстардың тек санымен әуестенеді, оның мазмұнына, шаруашылық міндеттерді шешудегі әсеріне назар аудармайды. Мәселен, Преснов аудандық партия комитетінің Майбалық МТС аймағы жөніндегі секретары Байбатыров жолдастың айтуынша, аймақта бұқаралық- саяси жұмыстың жайы жан- жақсы сыяқты. Алайда, шаруашылық жұмыстардың қарқыны өте баяу. Мұның өзі МТС аймағында саяси жұмыс шаруашылық міндеттермен ұштастырылмай, жалаң жүргізілетінін дәлелдейді.

Аудандық партия комитеттерінің маңызды міндеттерінің бірі—бастауыш партия ұйымдарының құрамын нығайту болып табылады. Тракторшылар мен комбайншылардың МТС штатына көшуіне байланысты бірқатар колхоз бастауыш партия ұйымдарында коммунистердің саны азайғаны мәлім. Алайда, бірқатар жерлерде колхоз партия ұйымдарының құрамын толықтыру жөнінде қажетті жұмыс жүргізілмей отыр. Бұл төзбейтін кемшілік. Колхоз партия ұйымдарының құрамын таңдаулы колхозшылар есебінен, аудандық ұйымдар мен мекемелерден колхоздарға коммунистер жіберу есебінен

ОБЛЫСЫМЫЗДА

Жастардың инициативасы

Полудень ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозының колхозшылары өткен жылы қоғамдық мал үшін 18 мың центнерден астам пішен дайындаған болатын. Быйыл колхоздың комсомолецтері мен жастары мал азығын дайындаушы жастардың республикалық жарысына ұштасып, шөп сүрлеу үшін 10 жамбы қазу жөнінде жаңадан инициатива көтерді. Бұл игі бастаманы колхоздың барлық комсомолецтері мен жастары бірауыздан қостады.

Колхозда комсомол. жастар бригадасы құрылды. Оның құрамында колхоздың бірқатар алдыңғы қатарлы жастары бар. Бригаданы бастауыш комсомол ұйымының секретары Виктор Злобин жолдастың өзі басқарады. Бұл бригада кәзірдің өзінде 120 текшеметрлік екі жамбы қазды. Бұл жұмыста, әсересе, Михаил Чинников, Василий Чертов, Михаил Злобин және басқа комсомолецтер мен жастар үлкен белсенділік көрсетіп жүр.

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозында да жаңадан комсомолжастар бригадасы құрылды. Жаңа құрылған пішеншілер бригадасының құрамында 19 адам бар. Оны комсомолец Кампанеец жолдас басқарады. Кәзір бригада шөп маялау, оны мал фермаларына тасу жұмыстарын қызу жүргізуде. Мұндай бригадалар Ленин, Октябрь, Преснов аудандарының колхоздарында да көптеп ұйымдастырылды.

Омарта шаруашылығы

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоз өткен жылы 30 ара ұясын сатып алған болатын. Колхоз ара ұясын өсіру арқылы алғашқы жылдың өзінде 4 мың сом табыс тапты. Ал, быйылғы жылы ара ұясының саны да көбейді. Олардың колхозға беретін кірісінің мөлшері де артты.

Мұнда У. Жаңбырбаев қарт омарташы болып жұмыс істейді. Ол өзінің жасының ұлғайғанына қарамастан ара бағудың түрлі әдістермен танысып, оны ойдағыдай меңгеруде. Бұрын колхозда 30 ара ұясы болса олардың саны кәзір 50-ге жетті. Быйыл колхоз бал алу арқылы 20 мың сом пайда табуды жоспарлап отыр.

Алдыңғы қатарлы шоферлер

СУРЕТТЕ: Ленин ауданының орталық көшесі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

40 мың сом кіріс

Булаев аудандағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелі быйыл қой жүндерін мемлекетке тапсырудан 40 мың сом кіріс алды.

Қой қыркуда озат колхозшылар Малайлығы —Явленка селосының жалпы ортасы.

Баяншылар курсы

Преснов аудандық мәдениет бөлімі аудандық мәдениет үйінің жанынан баяншылар курсын ұйымдастырды. Бұл күндері онда жергілікті клубтардан, көркемөнер үйірмелерінен келген 13 адам оқып, баян тарту өнерін үйренуде. Бұл курс

Колхоз ұстасы

Бәйділдә Сабаганов жолдас Ленин атындағы колхозда (Булаев ауданы) темір ұстасы, әрі балташы болып жұмыс істеп, өзіне жүктелген міндетті аброймен атқарып келеді.

Үстіміздегі жылы Сабаганов жолдас колхозда жұмыс істеп жүрген № 22 трактор бригадасына 35 кісіге арнап жаңа вагонша жасап берді. Бірнеше шөп машиналары мен құрал- саймандар Бәйділдә қарттың қолынан жөнделіп шықты. Мәселен, ол 6 көлік шөп машинасын, 5 тырнауышты, 3 сырманы колхоз шөп шабуға шыққанға дейін жөндеп қойды. Кәзір ол егін жыйнауға керекті құрал-саймандарды жөндеуге кірісті.

Колхоз өндірісінде қажырлы еңбек етудің нәтижесінде ұста жыл сайын 650—700 еңбеккүнге ие болып келеді. Өткен жылы ол 840 еңбеккүн тапса, үстіміздегі жылдың басынан бері 420 еңбеккүн тауып отыр.

Еңбек озаттары

Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозында еңбек озаттары көптеп саналады. Олардың көпшілігі мал шаруашылығында жұмыс істейді. Н. Бек, Қ. Шәріпбаева, Ә. Аманжолова және басқа сауыншылар өздеріне бекітілін берілген сиырларды зоотехникалық ережелерге сай күту арқылы олардан сүтті мол алуға жетісін жүр.

60 жастағы қарт Байкин бірқатар жылдардан бері үзбей мал бағып келеді. Бұл жылдардың ішінде оның алдынан бірде-бір мал шығын болып көрген емес. Ол малды отты жайылымдарға жаю арқылы олардың қоңын арттыруға жетісуде. Кәзір оның алдындағы малдардың бәрі де күйлі.

Жаңа құрылыстар

Приешім ауданындағы «Талапкер» ауылшаруашылық артелінде колхоз басқармасы үшін контор үйінің құрылысы аяқталды. Бұл үй алты бөлмеден тұрады.

Сол сыяқты, Куйбышев атындағы колхозда салынып жатқан контор үйі пайдалануға берілді.

Бұл артельдерде жұмыс істейтін құрылыс бригадаларының мүшелері новопавлов тықтардың елді пунктерді көркейту жөніндегі үндеуін қызу қарсы алып, құрылыс жұмыстарын ол [illegible]

ды. Селолық партия комитеттерінің жаңа жағдайдағы жұмысы бастауыш партия ұйымдарының ролін көтеріп, коммунистердің белсенділігін арттырды. МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының қызметкерлері колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің қалың бұқарасы арасында үнемі болып, село адамдарымен топтық және жеке жұмыстар жүргізетін болды. ҚКП облыстық комитетінің жанында өткізіліп, кеше аяқталған төрт күндік семинарда аудандық партия комитеттерінің МТС, совхоз аймақтары жөніндегі секретарьлары, топ құрамындағы нұсқаушылар, колхоз, МТС, совхоз партия ұйымының секретарьлары өздерінің жұмыстары жөнінде тәжрибе ауысқанда, міне, осыны баяндады.

Ауыл- селолық жерлерде партиялық-саяси жұмыстың жайының біраз жақсаруы ауылшаруашылық өндірісінің бүкіл саласына партиялық ықпалды анағұрлым күшейтті. Мал қыстату маусымының ойдағыдай өткізілуі, көктемгі дала жұмыстарының агротехникалық қысқа мерзімде аяқталуы, көктемде тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарының артығымен орындалуы партия басшылығының колхоз, совхоз өндірісіне жақындай түскенін дәлелдейді.

Алайда, бірқатар жерлерде аудандық партия комитеттерінің МТС, совхоз аймақтары жөніндегі нұсқаушылар тобының жұмысы әлі де өскелең міндеттердің дәрежесіне жауап бермейді. Топ қызметкерлерінің бірқатары шаруашылық міндеттерді шешу және партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде колхоз председательдері мен МТС, совхоз директорларына қажетті нұсқау, кеңес беру орнына, көп реттерде олардың қызметін атқаруға тырысып, әкімшілікке салынады. Мәселен, Ленин аудандық партия комитетінің секретары Великанов жолдас колхоздарда болғанда жалпылама нұсқау берумен қанағаттанып, партиялық- саяси жұмыстың түйінді мәселелерін естен шығарады. Ол тіпті фермаларға жұмыс істеуге қай колхозшыны жіберу керек екендігіне дейін барып, бұл жөнінде колхоздың басшы кадрларының ролін төмендеткен. Сондықтан да МТС аймағындағы колхоздарда күйт- бұқаралық жұмыстың формальді ұйымдастырылуына, кәзір шөп шабу және пар жырту қарқынының баяу болуына таңдануға болмайды. Мұндай мысалдар неғұрлым сирек емес.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль- март Пленумдары ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін ұлғайту, осының негізінде ауыл шаруашылығының бүкіл саласын онан әрі өркендету міндетін қойды. Партия ұйымдарының, аудандық партия комитеттерінің, олардың МТС, совхоз аймақтары жөніндегі топ қызметкерлерінің борышы ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі міндетті жүзеге асыруға жетісу болып табылады. Бүкіл ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыс ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық саласын шұғыл өркендету мақсатына арналуы

Солай бола тұрса да, облыс партия ұйымының колхозшылар есебінен өсуі мүлде жеткіліксіз. Үстіміздегі жылдың өткен бес айында Преснов, Соколов, Совет аудандарында партия қатарына бірдебір колхозшы қабылданбады. Партия ұйымдары еңбекте өнеге көрсеткен колхозшылар есебінен өз қатарларын толықтырып отыруға тиіс.

Осы сыяқты, колхоз партия ұйымдарының құрамын мекемелерден, ұйымдардан коммунистер жіберу арқылы толықтыру керек. Солай бола тұрса да Ленин аудандық партия комитеті бұл жұмысқа назар аудармай келеді. Ол колхоздарға небары 3—4 коммунист ғана жіберген. Аудандық партия комитеті ұзақ уақыттан бері Сталин атындағы колхоз партия ұйымының секретарьлығына ешкімді ұсына алмай келеді. Мұның өзі бастауыш партия ұйымдарының құрамын толықтыру, оларды нығайту мәселесіне немкетті қарағандық болып табылады.

Бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі топ қызметкерлері колхоздардың басшы кадрларын іріктеп алу, орналастыру жұмысымен үнемі шұғылданып отыруға тиіс. Өйткені, колхоз өндірісінің өркендеуі оның басшы кадрларының сапасына тікелей байланысты. Бірқатар жерлерде ауылшаруашылық мамандарымен, инженер- механиктермен жұмыс істеуде елеулі кемшіліктерге жол берілп келеді. Партиямыздың шақыруы бойынша өнеркәсіп орындарынан МТС-терге көптеген инженер- механиктер келді. Олар бұрын ауыл шаруашылығында болмаған адамдар. Сондықтан алғашқы кезде бірқатар қыйыншылықтарға кездесіп жүр. Кейбір жергілікті партия қызметкерлері көмектесудің орнына, оларды «қабілеті жоқ адамдар» деп орынсыз кінәлайды. Бұл дұрыс емес. Біз ауыл шаруашылығына жаңа келген инженер-механиктер мен үнемі жұмыс істеп, олардың істі тезмеңгеруіне жетісуге міндеттіміз.

Аудандық партия комитеттерінің МТС, совхоз аймақтары жөніндегі топ қызметкерлері кадрларға нұсқау, кеңес беру стилдерін мейлінше жақсартулары керек. Өйткені, нұсқау беру формальдықты, немқұрайды қараушылықты көтермейді. Колхоз, совхоз, МТС басшыларына нұсқау бергенде шаруашылық жұмыстардың ең басты, түйінді мәселелерін тауып, ол мәселелерді қалай шешудің жолдарын айту қажет. Әрине, бұл үшін ауылшаруашылық өндірісінің жайын терең білу керек. Партия қызметкерлері арнаулы ауылшаруашылық мектептері мен жоғары дәрежелі оқу орындарында сырттан оқу арқылы, өндіріс озаттарының тәжрибелерін үйрену, арнаулы лекцияларға қатысу арқылы өздерінің білімдерін арттыра беруге тиіс.

Партия басшылығын ауылшаруашылық өндірісіне жақындату, сөйтіп, колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің саяси және өндірістік белсенділіктерін барған сайын арттыра беру —ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі басты міндетті жүзеге асырудың маңызды шарты.

Ленин авторотасының шоферлері көктемгі егіс күндерінде ауа райының қолайсыз болғандығына қарамастан еңбек етіп, көптеген жаңар, жаңар майларын үнемдеді.

Социалистік жарыстың май айындағы қорытындысында шофер Лю Бон Си бірінші орынды жеңіп алып, ауыспалы Қызыл Туға ие болды. Сол сыяқты авторотаның алдыңғы қатарлы шоферлары Воробьев, Голубев, Казанцев, Полицин және басқаларға да ауыспалы Қызыл Тулар тапсырылды.

жолдастар қажырлылықпен еңбек етті.

35899 балапан

Петропавлдың инкубатор станциясы облысымыздың колхоздары мен совхоздарына мыңдаған құс балапандарын берді. Май айынан бері станция 35899 балапан шығарды.

Петропавл ауданының колхоздары осы станциядан 20650 балапан алып, оны шығынсыз өсіруде.

жұмысын аяқтаған соң баяншылар курсына жергілікті мәдени- ағарту мекемелерінің басқа қызметкерлері шақырылады.

Жабық қырман салынды

Приешім ауданының Каганович атындағы колхозы шөп шабу науқанымен бірге егін оруға әзірлік жұмыстарын қоса жүргізуде. Колхоздың Ф. Первушин жолдас басқаратын № 2 бригадасы жақында жаңадан жабық қырман салуды аяқтады. Оған 10 мың центнерден астам астық сыяды.

де.

34 бөлтірік ұстады

Жыртқыштар қоғамдық малға зиян келтіреді. Сондықтан мемлекетіміз оларды ұстаған адамдарға бағалы сыйлықтар беріп отырады. Осы жылы Ленин ауданында 34 бөлтірік ұсталды.

Еңбек колхозының колхозшысы Ш. Ыбраев 10 бөлтірік ұстағаны үшін 2250 сом, Явленка совхозының зоотехнигі И. Иванов жолдас 8 бөлтірік ұстағаны үшін 1800 сом ақшалай сыйлық алды.

Көп балалы аналарды „Ана медалі“ медалімен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 18 августағы Указына сәйкес мыналар наградталсын:

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША

(Соңы. Басы газетіміздің өткен санында)

12. **Малютина** Федосия Ивановна — Преснов ауданы, Ворошилов атындағы колхоз, колхозшы әйел.
13. **Петрова** Ольга Николаевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
14. **Попова** Серафима Федоровна — Петропавл селолық ауданы, Бескөл селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
15. **Погребных** Евдокия Михайловна Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
16. **Савинцева** Зоя Григорьевна — Петропавл қаласы, қызметкер әйел.
17. **Синенко** Наталья Ивановна—Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
18. **Судьина** Антонина Сергеевна — Петропавл қаласы, жұмысшы әйел.
19. **Эйсфильд** Эмилия Даниловна — Полудень ауданы, Ленин атындағы колхоз, колхозшы әйел.
20. **Ямщикова** Елизавета Яковлевна —Преснов ауданы, Абай атындағы колхоз, колхозшы әйел.

Алты бала тапқан және тәрбиелеп өсірген мына аналар 1-дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталсын:

1. **Ақбасова** Қалия—Октябрь ауданы, «Балуан» колхозы, колхозшы әйел.
2. **Александрова** Агафья Антоновна—Соколов ауданы, Дубровное селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
3. **Андрэ** Анна Григорьевна—Петропавл қаласы, үй шаруасындасы әйел.
4. **Брацун** Анастасия Романовна — Октябрь ауданы, Дмитриевка селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
5. **Васильева** Агриппина Тимофеевна —Совет ауданы, Қыялы селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
6. **Вдовина** Анна Александровна — Октябрь ауданы, Киров атындағы колхоз, колхозшы әйел.
7. **Викторенко** Мария Степановна — Октябрь ауданы, Ольгинка селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
8. **Власова** Екатерина Кирилловна — Приешім ауданы, Калиновка селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
9. **Вороводина** Анна Григорьевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
10. **Головырина** Аксенья Тимофеевна —Совет ауданы, Қыялы селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
11. **Головина** Ирина Алексеевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
12. **Ділімханова** Бекет —Мамлют ауданы, Сталин атындағы колхоз, колхозшы әйел.
13. **Дзинчайло** Анна Александровна —Совет ауданы, «Колос» колхозы, колхозшы әйел.
14. **Докучаева** Анна Ивановна — Приешім ауданы, Боголюбово селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
15. **Дутова** Мария Никитична—Преснов ауданы «Новый свет» колхозы, колхозшы әйел.
16. **Есімбеева** Елисет —Булаев ауданы, Писаревка селолық Советі, колхозшы әйел.
17. **Жидейко** Галина Ефимовна — Булаев ауданы, Булаев поселкелік Советі, жұмысшы әйел.
18. **Извозная** Мария Артамоновна — Петропавл ауданы, Чапаев атындағы колхоз, колхозшы әйел.
19. **Карл** Ксенья Адамовна —Булаев ауданы, Чистов селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
20. **Квинт** Герта Емельяновна — Полудень ауданы, Чапаев атындағы колхоз, колхозшы әйел .
21. **Кекк** Клара Яковлевна — Ленин ауданы, «Советский» колхозы, колхозшы әйел.
22. **Ковалева** Акулина Тихоновна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
23. **Кадзоева** Хазихан — Петропавл селолық ауданы, Фурманов атындағы колхоз, колхозшы әйел.
24. **Колесник** Мария Ануфриевна — Совет ауданы, Ивановка селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
25. **Коптяева** Анна Афанасьевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
26. **Қасмағамбетова** Бәдиша —Совет ауданы, Қыялы селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
27. **Кривоносова** Евдокия Степановна —Ленин ауданы, Сталин атындағы колхоз, колхозшы әйел.
28. **Кузина** Мария Давыдовна—Преснов ауданы, «Красный партизан» колхозы, колхозшы әйел.
29. **Кузурман** Евдокия Степановна— Петропавл селолық ауданы, Чапаев атындағы колхоз, колхозшы әйел.
30. **Кун** Ксенья Ивановна — Полудень ауданы, Полудень селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
31. **Лабода** Мария Васильевна— Преснов ауданы, Сталин атындағы колхоз, колхозшы әйел.
32. **Мальченко** Пелагея Алексеевна— Полудень ауданы, Бугровое селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
33. **Меркер** Полина Ивановна —Совет ауданы, Каганович атындағы колхоз, колхозшы әйел.
34. **Мехеда** Прасковья Сергеевна — Совет ауданы, «Борьба за коммунизм» колхозы, колхозшы әйел.
35. **Нұрғалиева** Үміткан — Булаев ауданы, Чистов селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
36. **Опарина** Мария Кирилловна — Петропавл қаласы, жұмысшы әйел.
37. **Петрова** Агрипина Васильевна —Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
38. **Познякова** Лидия Александровна —Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
39. **Панарина** Федосия Паликарповна —Совет ауданы, Қыялы селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
40. **Попова** Анисия Никоновна — Преснов ауданы, «Жизнь» колхозы, колхозшы әйел.
41. **Путилова** Софья Ефимовна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
42. **Рубь** Анна Яковлевна —Преснов ауданы, Благовещенка селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
43. **Рыманова** Анна Кирилловна—Совет ауданы, Ивановка селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
44. **Савина** Мария Дмитриевна — Преснов ауданы, «Красный партизан» колхозы, колхозшы әйел.
45. **Сауткина** Мария Петровна—Приешім ауданы, Боголюбово селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
46. **Сайдалина** Әмина —Ленин ауданы, «Еңбек» колхозы, колхозшы әйел.
47. **Смаглова** Евдокия Петровна — Совет ауданы, Қыялы селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
48. **Стебнева** Ольга Григорьевна — Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
49. **Таженова** Канге —Октябрь ауданы, «Заря коммунизма» колхозы, колхозшы әйел.
50. **Түскеева** Фатима Әйкенқызы — Петропавл қаласы, жұмысшы әйел.
51. **Утюганова** Александра Ивановна —Петропавл селолық ауданы, Бескөл селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
52. **Фахрутдинова** Мәулиха —Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.
53. **Фокина** Таисия Прокопьевна — Полудень ауданы, Тоқшын селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
54. **Фролова** Надежда Васильевна— Совет ауданы, Қыялы селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
55. **Шагеева** Хадиша — Петропавл қаласы, жұмысшы әйел.
56. **Шаипова** Есимат —Полудень ауданы, Чапаев атындағы колхоз, колхозшы әйел.
57. **Шалавина** Анна Ефимовна — Преснов ауданы, Хрущев атындағы колхоз, колхозшы әйел.
58. **Шмурыгина** Мария Ивановна — Преснов ауданы, «Новый свет» колхозы, колхозшы әйел.
59. **Шперлинг** Павлина Михайловна— Петропавл селолық ауданы, Бескөл селолық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.

Бес бала тапқан және тәрбиелеп өсірген мына аналар II- дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталсын:

1. **Әділшина** Бибі — Совет ауданы, «Игілік» колхозы, колхозшы әйел.
2. **Ақласова** Бәтіш —Ленин ауданы, «Бірлік» колхозы, колхозшы әйел.
3. **Афанасьева** Екатерина Васильевна —Булаев ауданы, Писаревка селосы, колхозшы әйел.
4. **Ахмарова** Фатима Мырзаханқызы —Мамлют ауданы, Мамлют поселкелік Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел.
5. **Ахмадова** Алинат —Мамлют ауданы, «Память Кирова» колхозы, колхозшы әйел.
6. **Бардашкина** Ефросенья Павловна —Петропавл қаласы, үй шаруасындағы әйел.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің Орынбасары И. ЛУКЬЯНЕЦ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы. 25 май, 1954 жыл.

Ауыл-селода партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыстарының дәрежесі жоғары болсын

Село партия ұйымдарының жұмыс тәжрибелерінен

★ ★ ★ ★ ☆ ★

Партия ұйымының ролі артуда

Мен өткен жылы Ильич атындағы МТС партия ұйымына қызметке келгенімде оның өндірістегі ролінің төмендігі бірден білінді. Үгіт -бұқаралық жұмыстың дәрежесі төмен болды. Партия ұйымы өзінің жұмысында комсомол, кәсіподақ ұйымдарына сүйенбеді. Партия жыйналыстарының күн тәртібіне қойылған мәселелер терең талданбады.

Жаңа сайланған партия бюросының құрамы жұмысты партиялық- ұйымдық мәселелерді жақсартудан бастады. Партия бюросының талқылауына ең алдымен СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларына сәйкес МТС жұмысын жақсарту жөніндегі мәселелер қойылды. МТС-тің жұмысымен таныса келгенде, станцияның жыл сайын жөндеу- жұмысына арналған қаржыны артық жұмсайтыны, оның көрсеткіштері соғыстан бұрынғы дәрежеден анағұрлым кем екендігі анықталды. Партия ұйымының жыйналысында МТС-тің 1953 жылғы финанс-шаруашылық жұмыстарының қорытындысы туралы МТС директорының есебі тыңдалды. Партия жыйналысы күн тәртібінде талқыланған мәселе жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, станция дирекциясынан мемлекеттік қаржыны үнемдеп жұмсауды талап етті. Осының нәтижесінде финанс жұмысының жайы біраз жақсарып, жұмысшылар еңбекақысын кезінде алатын болды.

Мұнан кейін партия ұйымына жұмысшылардан орындалған жұмыстың бағасын кеміту фактілері жөнінде дабыл түсті. Партия бюросы өзінің мәжлісінде арнаулы мәселе қарап, кейбір жұмысшылардың алаалмай келген ақысын төлеу жөнінде ұсыныс жасады. Партия ұйымы МТС дирекциясының шаруашылық жұмысына үнемі осылай бақылау жасап, істегі кемшіліктерді кезінде ашып отырды.

Партия ұйымының жұмысы кәсіподақ ұйымының шаруашылық міндеттерді және жұмысшылардың мәдени-тұрмыстық тілектерін орындау мәселелеріне рольдерін арттыруға байланысты. Бірақ, Ильич атындағы МТС-те кәсіподақ ұйымының жұмысы көп жылдар бойы бетімен жіберіліп келген.

Партия бюросы кәсіподақ ұйымының жыйналыстары мен өндірістік кеңестерін жиі өткізу арқылы жұмысшылардың белсенділігін арттыруды қажет деп тапты. Мұның өзі дұрыс та болды. Соңғы кезде жұмысшылар мәдени-тұрмыстық және таңғы басқа осы сыяқты мәселелер жөнінде партия ұйымына емес, көбінесе жұмысшылар комитетіне баратын болды.

Бұрын кәсіподақ ұйымы социалистік жарыс мәселесімен мүлде шұғылданбай келген. Ол бұрын МТС директорының әкімшілігіне көніп, оның иек астында болып келген. Мұны мына фактіден айқын көруге болады. Басқаны айтпағанда, МТС директоры Букатин озат механизаторлар мен басқа адамдарға берілген құрмет грамоталарға өзінің қолын қоюды қажет деп таппаған. Партия ұйымы бұл фактілерге төзе алмады. Ол кәсіподақ ұйымының социалистік жарыс мәселесімен үнемі шұғылданып отыру жөнінде қажетті шаралардың жүзеге асырылуын қажет етті. Көзір социалистік жарыстың көп мәселелері тікелей кәсіподақ ұйымында шешіледі.

Партия ұйымы өзінің қатарын өндіріс озаттары есебінен, әсресе, механизатор кадрлары есебінен толықтыру жөнінде бірқатар жұмыс істеді. Өткен жылға қарағанда партия ұйымының құрамы екі есе өсті. Рас, бұрын колхоз партия ұйымдарының есебінде болып келген тракторшы коммунистердің МТС-тің тұрақты штатына алынуы ұйымның қатары өсуіне көп себеп болды. Сонымен қатар партия ұйымы үстіміздегі жылдың өзінде ғана СОКП мүшелігіне кандидаттыққа 5 адам қабылдады. Олардың бәрі де өндіріс озаттары—тракторшылар мен комбайншылар. Мәселен, тракторшы Миронов көктемгі егісте сменалық тапсырмаларын үнемі 140—150 процент орындап, агрегаттың қызын жалауын берік ұстады. Трактор бригадасының бригадирі Коптун, зоотехник Личман және басқалары жөнінде де осыны айтуға болады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес аудандық партия аппаратының қайта құрылуы, МТС аймағындағы партия қызметкерлерінің тобы бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде қажетті көмек көрсетуде. Бірақ, аудандық партия комитетінің бірінші және екінші секретарьлары МТС аймағындағы топ қызметкерлеріне арқа сүйеп, соңғы кезде бастауыш партия ұйымдарымен байланыстарын әлсіретті Мұның өзі көп мәселелерді жергілікті жерде шешу ісіне бөгет жасайтыны мәлім.

Н. СИЛАНТЬЕВ,
Ильич атындағы МТС партия ұйымының секретары.

СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСҚА ПАРТИЯ БАСШЫЛЫҒЫ

Колхозшы шаруалар мен МТС қызметкерлері ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер алды. Жеке колхозшылар, механизаторлар арасында, сондай-ақ ферма мен ферманың, бригада мен бригаданың, колхоз бен колхоздың арасында социалистік жарыс шарттарды жасалды. Налобин МТС-і Соколов станциясымен жарысқа түсті. Андреев жолдас басқарған комсомол-жастар трактор бригадасы Бүкілодақтық социалистік жарысқа ұштасып, көктемгі егісті он жұмыс күні ішінде өткізу және пар жырту, егін жыйнау жұмыстары жөнінде көтеріңкі міндеттеме алды.

Жұртқа мәлім, социалистік жарыс міндеттеме қабылдаумен бітпейді. Социалистік міндеттеме —еңбекшілердің өндірістік белсенділігін, еңбекке деген жігерін бейнелейді. Мәселе ауылшаруашылық қызметкерлерінің күн санап өсіп отырған өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдап, оларды социалистік жарыста қабылданған міндеттемені орындау күресіне бастай білуде. Социалистік жарыс партия ұйымдарының үнемі басшылығын талап етеді.

Біз социалистік жарысты қалай ұйымдастырып отырмыз? Әрбір колхозда, бригадада көрсеткіш тақталары бар. Социалистік жарыстың қорытындысы мал фермаларында 15 күнде бір рет, ал, егіс және трактор бригадаларында күн сайын шығарылады. Трактор бригадаларында он күн сайын бюллетень шығарылып, онда әрбір механизаторлардың социалистік міндеттемесі, оның орындалуы көрсетіледі. Бұл бюллетеньдер барлық трактор бригадаларына таратылады.

Үгітшілер өздерінің әңгімелерінде социалистік жарыстың нәтижелері туралы айтып, өндіріс озаттарының жұмыс тәжрибелерін насихаттайды. Олар механизаторларға жұмыстағы кемшіліктердің бетін ашу жөнінде көмектеседі, міндеттемені орындауда артта қалғандар жөнінде көпшілік пікірін ұйымдастырады. Былыс көктемде өткен жылға қарағанда партия ұйымдарының басшылығымен баяндамашылар тобы өзінің жұмысын біраз жақсартты. Әрбір трактор және егіс бригадаларында, мал фермаларында екіүш рет лекция оқылды. Екі-үш рет баяндама жасалды. Лекцияларда картоп пен овощты шаршы-ұялап отырғызудың әдістері, мал шаруашылығының өнімділігін арттырудың жолдары жөнінде айтылды. Саяси баяндамалардың тақырыптары СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулылары, халықаралық жағдай жөнінде болды.

Партия ұйымдарына социалистік жа-

теп, бұл жөнінде бригада мүшелерімен арнаулы әңгімелер өткізді. Ол тракторды тиімді пайдаланудың жолдарын айтып, тракторшыларды әрбір минутты дұрыс пайдалануға шақырды. Бригадада еңбек өнімділігі аз күннің ішінде бұрынғыдан еселеп артты. МТС партия ұйымы № 1 трактор бригадасының жұмыс тәжрибесін басқа бригадалардың игілігіне айналдыру жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырды.

Социалистік жарыстың қорытындысы бойынша озат бригадаға станцияның ауыспалы Қызыл туы, ал, сменалық тапсырмаларын артығымен орындап жүрген тракторшыларға қызыл жалау беріледі.

Социалистік жарыстың кеңінен ұйымдастырылуы көктемгі егісте айтарлықтай табыстарға жетуге мүмкіндік берді. Егер өткен жылы МТС көктемгі егісті 50 күнге созса, быйыл бұл жұмыс барлық колхоздарда 20 күнде аяқталды. Ең бағалы дақыл —жаздық бидай 12—15 күннің ішінде себілді. Быйыл жаздық қатты бидайдың көлемі өткен жылға қарағанда мың гектардан астам артты. Быйыл біздің аймақтың колхоздары күнбағыс, жүгері, картоп егістерін ең алғашқы рет шаршы-ұялы әдіспен отырғызды.

Алайда, социалистік жарысты ұйымдастыруда бастауыш партия ұйымдарының және аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі топ қызметкерлерінің жұмысында елеулі кемшіліктер жоқ деп ойлауға болмайды. Ол кемшіліктердің бастысы мынада: Біз әлі де болса әрбір колхозшымен, әрбір механизатормен жұмыс істеуге жетісе алмай келеміз. Мәселен, «Путь Ильича» ауылшаруашылық артелінің партия ұйымының секретары Симоненко жолдас егіс бригадалары мен мал фермаларында сирек болады. Колхозшы шаруалармен және жеке шаруалармен әңгімелер өткізбейді. Ол өзінің жұмысында көбінесе әкімшілікке салынады. Симоненко жолдас партиялық- саяси жұмысты ұйымдастыруда өзі инициатива көрсетудің орнына, үнемі сырттан жәрдем күтеді. Топ қызметкерлері «Путь Ильича» колхозы партия ұйымының социалистік жарысқа басшылық жасау жөніндегі жұмысын жақсарту үшін қажетті шараларды жүзеге асырды.

Партия ұйымдары және аудандық партия комитетінің топ қызметкерлері механизаторлардың, колхозшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөнінде әлі де көп жұмыстар істеуге тиіс. Бірқатар егіс және трактор бригадаларында мәдени костары мен вагоншалар жеткіліксіз жабдықталып, көпшілік тамақтары дұрыс ұйымдастырылмай келеді.

Аудандық партия комитетінің нұсқаушылар тобы социалистік жарыстың жа-

Нұсқаушының міндеті

Мен Чапаев атындағы, «Путь Ильича» және Аманкелді атындағы колхоздарда жұмыс істеймін. Алғашқы кезде жұмысты бастауыш партия ұйымының құрамымен танысудан, коммунистер мен колхозшы шаруалармен кеңесіп, пікір алысудан бастадым. Осыдан кейін колхоздардың экономикалық жағдайын білдім.

Партиялық жұмыс догма емес. Колхоздарда болғанда жұмыстың жайымен танысу үшін мен мынадай әдістерді қолданамын. Егер колхоз орталығына келсем, басқарма мүшелерімен, председательмен, партия ұйымының секретарымен әңгімелесіп, осыдан кейін өндірістік участоктерге барамын. Кейде тікелей өндіріске келгенде бригадаларда, фермаларда болып, қатардағы колхозшылармен әңгімелесу арқылы істің жайымен танысып, қажетті шараларды жүзеге асыру үшін кеңес беру жөнінде колхоз басшыларына келемін.

Қысты күні Чапаев атындағы колхозда болғанымда мал қыстату маусымының қанағаттанғысыз екені, мал фермалары кадрлармен толықтырылмағаны байқалды. Колхозда бірнеше күн болып, артель басқармасы мен партия ұйымына мал қыстату маусымының жайын жақсарту жөнінде кеңес бердім. Партия жыйналысында мал қыстату маусымының жайы туралы мәселе қарау ұйғарылды. Бірнеше коммунистер мал фермаларында болып, партия жыйналысына әзірлік жұмыстарын жүргізді. Жыйналыс коммунистердің зор белсенділігімен өтті. Мал қыстату маусымында орын алып келген кемшіліктерді жою жөнінде қажетті шаралар белгіленді. Мал азығын тасуды және мал қораларын жөндеуді қамтамасыз ету үшін қажетті адамдар белгіленді.

Мұнан кейін колхозшылардың жалпы жыйналысы өткізілді. Онда колхозшылар мал қыстату маусымының жайын жақсарту жөнінде партия ұйымының ұсынысын қызу қолдады. Мал азығын тасу үшін қосымша адамдар мен көліктер бөлінді. Фермаларға коммунистер мен комсомолецтер жіберілді. Үгіт коллективі колхозшы шаруалармен СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулылары жөнінде әңгімелер өткізіп, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі айбынды міндеттерді түсіндірді.

«Путь Ильича» колхозында шаруашылық жұмыстары басқа колхоздарға қарағанда, ойдағыдай жүргізіледі. Колхоз председателі Сибгатуллин жолдас—агроном. Ол өндірісті жақсы біледі. Алайда, бұл колхоздың жұмысында кемшіліктер жоқ емес. Сондықтан аталған шаруашылықта да жиі болу қажет. Көктемге егіс кезінде партия ұйымына саяси жұмыстың жоспарын жасауға, үгітшілердің семинарын өткізуге көмектестім. Бірақ, біраздан кейін көктем егісі кезінде бригадаларында болғанымда үгіт- бұқаралық жұмыстың жайы қанағаттанғысыз екені байқалды.

Коммунистер партиялық- саяси жұмысты жақсарту жөнінде партия жыйналысында мәселе қарауды қажет деп тапты. Сондықтан 10 майда партия жыйналысын өткізу ұйғарылды. Бірақ, партия ұйымының секретары Пигалев жолдас партия жыйналысын кезінде өткізуді ұйымдастырмады.

Көктемгі егіс аяқталғаннан кейін партия жыйналысы болды. Онда Пигалев жолдастың кемшілігі қатты сыналды. Пигалев жолдас партия жыйналысынан дұрыс қорытынды жасады. Мәселен, соңғы жыйналыста екі колхоздың арасындағы социалистік жарыстың нәтижесін тексеру жөнінде қаулы алынған-ды. Пигалев жолдас 18 колхозшымен бірге Аманкелді атындағы колхозға барып, социалистік жарыстың қорытындысын тексерді.

Мұның өзі жұмысқа көп әсер етті. Аманкелді атындағы колхоздың басшылары көзір «Путь Ильича» колхозына барып, социалистік жарыстың нәтижесін тексеру үшін әзірлік жұмыстарын жүргізуде.

Мен, әдетте, колхоз өмірінің күрделі мәселелері жөнінде бастауыш партия ұйымының секретарьлары өздері инициатива көрсетуін ескеремін. Егер бұл жөнінде олардың инициативасы кем болған жағдай ғана нұсқау, кеңес беруді қажет деп табамын. Сонымен қатар мен колхозшылар мен механизаторлар арасында әңгіме өткізуді, баяндама жасауды өзімнің басты міндеттерімнің бірі деп білемін. Колхозшы шаруалар мен МТС қызметкерлері бұқарасымен байланысты үнемі нығайтып отырған уақытта ғана нұсқаушы өз міндетінің дәрежесінде болуы мүмкін.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары топ қызметкерлерінің жұмысын он күнде бір рет қорытып отырады. Онда әрбір нұсқаушының жұмысы талқыланып, алдағы міндеттер жөнінде тапсырмалар беріледі.

А. МАРКОВ,
Полудень аудандық партия комитетінің нұсқаушысы.

Жаңа совхоздың партия ұйымы

Біздің совхоз тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін ұлғайту үшін ұйымдастырылған жаңа шаруашылықтардың бірі. Совхозға жұмысшылар үстіміздегі жылдың март айынан бастап қана келе бастады. Оның партия

адамдар да жоқ емес. Партия, комсомол ұйымдары озат жұмыс тәжрибелерін кеңінен насихаттау арқылы артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосу ісіне баса назар аударуда.

Егіс, трактор бригадаларында жұмыс

Ұйымдастыру жұмысын жақсарта береміз

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан кейін совхоз партия ұйымы шаруашылық жұмыстардың жайымен терең шұғыданып, партиялық-

№ 3 бөлімшедегі партия тобының (ұйымдастырушысы Трофимов жолдас) ұсынысы бойынша мал шаруашылығына 2 коммунист, 4 комсомолец жіберілді. Олар

Колхоздардың басшы кадрларын нығайту—табыс кілті

Аудандық партия комитетінің Булаев МТС аймағы жөніндегі топ қызметкерлері өзінің бүкіл жұмысын бастауыш партия ұйымдарының ролін арттыру, МТС қызметкерлері мен колхозшы шаруалар арасындағы партиялық-саяси жұмысты жақсарту, сөйтіп, партия басшылығын ауылшаруашылық өндірісіне жақындата түсу мақсатына бағындырып келеді. Топ қызметкерлері ұйымдастыру жұмысының басты мәселелерінің бірі ретінде колхоздардың басшы кадрларын іріктеп алу, оларды тәрбиелеу мәселесіне баса назар аударуда.

Өйткені, біз МТС және оның аймағындағы колхоздардың экономикалық жайымен алғашқы рет танысқанда ауыл шаруашылығының артта қалуының басты бір себебі колхоздардың басшы кадрларының құрамы көп реттерде іскерлік қабілеті кем адамдардан құралғанында екенін анықтадық. Топ қызметкерлері бастауыш партия ұйымдарын, колхоз басқармаларын, олардың председательдерін, ферма меңгерушілерін, бригадирлерді нығайтуды басты міндеттердің бірі етіп қойды. Бұл жұмыста, әсресе, артта қалған колхоздарға ерекше назар аударды. Біз өзіміздің жұмысымызда коммунистер мен колхозшылардың қалың бұқарасына сүйендік. Олармен жиі әңгімелесу арқылы пікір алысып, жұмыстағы кемшіліктердің себептеріне талдау жасадық.

Бұл жөнінде бірнеше мысалдар келтірейік: «Страна Советов» ауыл шаруашылығы артелі соңғы жылдары үнемі артта қалып келе жатқан шаруашылықтардың бірінен саналады. Оның 1953 жылғы көрсеткіштері МТС аймағындағы бүкіл колхоздардан төмен болды. Колхоз әрбір 100 гектар егістік жерге небары 4,8 бас қарамал, оның ішінде 1 бас сауын сиыр өсірді. Осы жер көлемінен 1290 литр ғана сүт алды, егістік дәнді дақылдардан орта есеппен 4,5 центнер ғана өнім жыйнады. Колхозшылардың еңбекүніне астық мүлде аз берілді.

Мұның үстіне колхоз өткен мал қыстату маусымына әзірліксіз кірісті. Қоғамдық шаруашылықтың мұндай ойсыраған олқылыққа ұшырауының басты себебі—колхоз басқармасының бұрынғы председателі Бацанов, ферма меңгерушісі Шилин және бірқатар басшы кадрлардың тапсырылған жұмысқа жауапкерлік сезімдерінің төмендеуінен, тіпті олардың колхозшы шаруалар арасында беделін жоғалтып, маскүнемдікке салынуларынан болды. Колхоздың аталған басшылары таңдаулы колхозшылардың ұсыныстары мен тілектеріне, олардың тұрмыстық жағдайларына құлақ асудан тыс қалған. Мұның бәрі колхозда еңбек тәртібінің әлсіреуіне әкеліп соққан. Аудандық партия комитетінің топ қызметкерлері бұл жағдайға төзе алмады.

Ол партия және комсомол ұйымдарымен, колхозшы шаруалармен бірлесе отырып, колхоз басқармасының құрамын ферма меңгерушілері мен егіс бригадаларының бригадирлерінің құрамын қолынан іс келетін, бұқара алдында беделді адамдар есебінен толықтыру жөнінде қажетті шаралар белгілеп, ол шаралардың жүзеге асырылуын ұйымдастырды. Колхозшы шаруалар өздерінің жалпы жыйналысында Бацановты колхоз басқармасының председателі міндетінен босатып, оның орнына, қоғамдық шаруашылықты басқаруда тәжрибесі мол, саяси сауатты, коммунист Метель жолдасты сайлады. Аудандық партия комитеті коммунист Метель жолдасты колхозды басқаруға жіберу жөніндегі колхозшылардың тілегін орындады. Мұның өзі тиісті нәтижесін беруде.

Топтың құрамындағы нұсқаушы Салин және мен колхоздың есеп беру-сайлау жыйналысына әзірлік кезінде бастауыш партия ұйымымен бірлесе отырып, өндіріс озаттарының ішінен басшы кадрлар іріктеп алуды естен шығармадық. Өйткені, бұрынғы ферма меңгерушілері мен кейбір бригадирлер жұмыстың жайын жақсарта алмайтын болды. Есеп беру-сайлау жыйналысында колхозшылар колхоз басқармасының құрамына өндіріс озаттары Малыгина, Пичугина, Плоточина жолдастарды сайлады. Бұл жолдастар аз күннің ішінде өздерін еңбекте көрсете білді. Сондықтан, олар атап айтқанда Малыгина жолдас сиыр фермасының меңгерушілігіне, Пичугина жолдас огород бригадасының бригадирі, Плоточина жолдас егіс бригадасының бригадирі болып белгіленді.

Сонымен қатар, колхоз коммунистері партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысында бұрын трактордың болып істеген, соңынан селолық Совет атқомінің председательдігіне жоғарылатылған коммунист Наумов жолдасты партия ұйымының секретарьлығына сайлады.

Кадрларды іріктеп алу, істің бастамасы ғана екені мәлім. Осыны еске алып, топтың қызметкерлері колхозды басқаруға жаңадан келген адамдармен үнемі жұмыс істеді. Біз оларға шаруашылық жұмыстың түйінді мәселелерін ұйымдастыру жөнінде кеңес беріп, істің орындалуын әрқашан тексеріп отырамыз.

Колхоз бастауыш партия ұйымы колхозшы шаруалар арасында үгіт-бұқаралық жұмысын анағұрлым мазмұнды ұйымдастырып, оның әсерін шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындау мақсатына бағыттайтын болды. Бастауыш партия ұйымы үгітшілердің құрамын коммунистер мен комсомолцетер және село интеллигенттері есебінен толықтырып, олармен саяси- бұқаралық жұмыстың түрлері мен әдістері жөнінде семинар-кеңестерін өткізетін болды. Селода мәдени- ағарту мекемелерінің жұмысы колхозшы шаруалардың рухани тілегін қанағаттандыру міндетіне бағындырылды. Топ қызметкерлері үгітшілердің семинарларында, колхозшы шаруалар алдында саяси тақырыптарда әңгіме өткізіп, баянмада жасауды өздерінің негізгі міндеттерінің біріне айналдырды.

Колхоздың басшы кадрларының құрамының жақсаруы, партиялық- саяси жұмыстың мазмұнды ұйымдастырылуы нәтижесінде еңбек тәртібі жақсарып, колхозшылардың өндірістік белсенділіктері артты. Мұны мына фактіден айқын көруге болады. Колхоз жемшөп қорын ұқыпты жұмсап, мал қыстату маусымын ұйымшылдықпен өткізді. Мұнда жылқы, қой және шошқа өсіру жөнінде үстіміздегі жылдың мемлекеттік жоспары кәзірлің өзінде толық орындалды. Көктемгі егіс қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өтті.

Ақшалай табысты молайту мақсатымен колхоз өткен жылға қарағанда майлы егістердің көлемін үш есе арттырып, картоп және овощь егістерін отырғызу жөніндегі жоспарды артығымен орындады.

Осы сыяқты, ауылшаруашылық артелі пар жырту жоспарын 25 майға дейін 90 процент орындап, шөп шабу науқанын ұйымшылдықпен жүргізуде. Бір сөзбен айтқанда, «Страна Советов» колхозының үстіміздегі жылдың өзінде МТС аймағы жөніндегі басқа колхоздардың өндірістік көрсеткіштеріне жетуіне толық мүмкіншілігі бар.

Колхоз кадрларын нығайту жөнінде Котелінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Бұрын мұнда еңбекке жарайтын колхозшы шаруалар жетіспейтін. Мұның үстіне колхоз председателі жыл сайын ауысып келген-ді. Топ қызметкерлері колхозшы шаруалардың пікірлерімен санаса отырып, аудандық партия комитетінің алдына колхоз басқармасын нығайту жөнінде мәселе қойды. Колхозшы шаруалар басқарма председательдігіне есепші Кухаренко жолдасты ұсыну жөнінде тілек білдірді. Бұл тілек орындалды. Кухаренко жолдас колхозшылардың сенімін аброймен ақтауда. Партияның шақыруы бойынша тын және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттардан колхозға 30-дан астам адам келді. Олар егіс бригадаларында және трактор бригадаларында еңбек өнегесін көрсетіп, селоның өміріне белсене араласты.

Кәзір колхоз өндірісінің барлық саласы ойдағыдай өркендеуде. Быйыл колхоз 3 жүк машинасын сатып алды. Астық қырмандарын механикаландыру жөнінде әзірлік жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар, мал шаруашылығында еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру қолға алынып отыр. Материалдық ынталандыру принципін жүзеге асыра отырып, колхозшыларға ақшадай аванс беру, еңбеккүндеріне қосымша ақы төлеу жұмыстарын тәртіпке келтірді. Нұсқаушылар тобының алғашқы жұмыстарының кейбір тәжрибелері осындай.

Бірақ, біздің жұмысымызда әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Партиялық жұмыстың негізгі участогі колхоз кадрларын іріктеп алу және оларды тәрбиелеу, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі қарарлардың орындалуын тексеруді онан әрі жақсарта беру қажет. Біздің аймақта Ленин атындағы, Буденный атындағы колхоздың басқармалары артель шаруашылығын басқаруда әлі де болса елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Нұсқаушылар тобы өзінің жұмысында кадрлар мәселесіне үнемі назар аударуды басты міндеттердің бірінен санайды.

Г. ШАЛИМОВ,

ҚКП Булаев аудандық комитетінің Булаев МТС аймағы жөніндегі секретары.

ұйымы тек мал айында жұмысқа кірісті. Партия ұйымы өзінің құрылған алғашқы күнінен бастап коллективті көктемгі дала жұмыстарын үлгілі ұйымдастыру, құрылыс жұмыстарының қарқынын күшейту мақсатына жұмылдыруда.

Партия бюросы үгіт коллективінің құрамын бекітіп, бригадаларда саяси-бұқаралық жұмысты ұйымдастырды. Коммунистер жұмыстың шешуші участоктерінде бөлінді. Осының нәтижесінде 6 бригадада партия топтарын ұйымдастыруға мүмкіндік болды. Сонымен қатар комсомол ұйымын ұйымдастыру жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Совхозда 246 комсомолец бар. Егіс, трактор бригадаларында 11 комсомол ұйымы ұйымдастырылды. Совхоз жастарының күшімен көркемөнерпаздар коллективі жұмыс істейді. Оның құрамында 70-ден астам жас жігіттер мен қыздар бар. Совхоз жастары егіс даласында да қажырлы еңбек етумен бірге, физкультура және спорт қоғамдарының жұмысына белсене қатысуда.

Совхозда саяси жұмысты жүргізуге кітапхана зор көмек көрсетуде. Кәзір оның қорында 2 мың данадан астам көркем әдебиет, саяси және басқа кітаптар бар. Кітапхана әзірше уақытша жабдықталған жаппаған орналасқан. Алайда, жұмысшылар онда көптеп болып кітап, газет, журналдар оқыйды. Кәсіп одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советі совхоз қызметкерлерінің рухани тілегін қанағаттандыру жөнінде бізге көп көмек көрсетті. Ол совхозға бірнеше дана орталық газеттер мен журналдарды жаздырып жіберді.

Дегенмен, кәзіргі жүргізіп отырған саяси бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарымыз совхоз еңбекшілерінің өскелең тілегін тіпті де қанағаттандырмайды. Олардың басым көпшілігі Сочи, Москва Ярослав сияқты ірі қалаларда есіп тәрбиеленген адамдар. Совхоз қызметкерлері халықаралық жағдай, халықтардың бейбітшілік жолындағы күресі және басқа тақырыптарда лекциялар тыңдағысы келеді. Алайда, аудандық, облыстық ұйымдардан біздің совхозға лекторлар келіп көрген емес.

Партия ұйымы совхоз өмірінің толғағы жеткен мәселелерін партия жыйналыстарында, партия бюросының мәжілістерінде үнемі талқылап, қажетті шаралар белгілеп отырады. Бізде партия жыйналысы айына екі рет, ал, партия бюросының мәжілісі 5-6 рет шақырылады. Әрине, сырттан қараған адамға бұл тіпті көп сияқты көрінеді. Бірақ, совхоздың кәзіргі, алғашқы ұйымдасқан жағдайында шешуді қажет ететін көп мәселелер болғандықтан бізде партия жыйналысы мен партия бюросының мәжілісі жиі өтеді.

Совхоз қызметкерлерінің арасында жүргізіліп отырған саяси-бұқаралық және мәдени- ағарту жұмыстары шаруашылық міндеттерді кезінде орындау мақсатына бағытталып отыр. Еліміздің өнеркәсін орындарынан келген жұмысшылардың көпшілігі жаңа жағдайдағы өмірге тез қалыптасып, өндірістік тапсырмаларын артырымен орындауда. Рас, бізде жұмысқа немкетті қарап, социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындай алмаған тарын жүргізумен бірге, жаңа қоныста құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Совхоз орталығында қоғамдық үйлер және пәтер үйлер құрылысы барған сайын қыза түсуде.

Партия ұйымы өзінің жұмысын барған сайын жақсарта отырып, совхоз коллективін астық өндірісін ұлғайту жөніндегі маңызды міндеттің ойдағыдай орындалуына жұмылдыра береді.

А. СЕРГЕЕВ.

Жданов атындағы совхоз партия ұйымының секретары.

рысты ұйымдастыруға комсомол, кәсіподақ ұйымдары белсенді көмекші болып келеді. МТС аймағында, бригадаларда төрт партия- комсомол топтары және 6 комсомол ұйымдары ұйымдастырылды, 10 трактор бригадаларында кәсіподақ топтары бар. Олар еңбектің озат әдістерін насихаттау жөнінде бірқатар жұмыстар істеп жүр. Мәселен, № 1 бригадада тракторларға техникалық күтім жасау және оларға жанар майын құю үшін уақыт белгіленген мерзімнен аз жұмсалады. Кәсіподақ тобының ұйымдастырушысы Кочнев озат механизаторлардың әдісін зерт-

ныстағы мен бұқаралықтың қамтамасыз ету жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырып, МТС қызметкерлері мен колхозшы шаруалардың творчестволық жігерін барған сайын арттыра беруді маңызды міндеттердің бірінен санайды. Демек, социалистік жарысты кеңінен ұйымдастыру арқылы артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосу, сөйтіп, еңбекте жаңа өрлеу туғызу —табыс кілті.

Д. ДАРАГАН,

ҚКП Соколов аудандық комитетінің Налобин МТС аймағы жөніндегі секретары.

Партия бюросы мал фермаларындағы партия топтарын нығайтты. Мал фермаларына 70-тен астам коммунистер мен комсомолцетер жіберілді.

Өткен жылы партия топтары тек бөлімшелерде ғана болатын. Быйыл партия бюросы партия топтарының құрамын қайта қарап, механикалық мастерскойда, орталық гаражда және құрылыс бөлімшесінде партия топтарын ұйымдастырды. Партия топтары совхоз қызметкерлері арасындағы саяси жұмысты жақсартып, шаруашылық міндеттердің орындалуына үнемі назар аударып отырады. Мәселен, мыңдырды. Бөлімше өткен жылы мал қыстату маусымы басталғанға дейін қажетті жемшөп қорын мал базаларына тасуды қамтамасыз етті. Мал базаларына электр жарығы, дән үккіштер орнатылды.

Бөлімше мал қыстату маусымын үлгілі өткізіп, үстіміздегі жылдың бес айында сүт сауу жөніндегі жоспарды 106 процент орындады. Осы сыяқты, құрылыс бригадаларындағы партия топтары да өзінің бүкіл жұмысын шаруашылық міндеттердің орындалуына бағыттауда.

Совхоз партия ұйымының алдында тұрған бірінші дәрежелі маңызды міндет —үстіміздегі жылы 9800 гектар тың жердің игерілуіне жетісу болып отыр. Партия ұйымы және партия топтары егіс- трактор бригадаларындағы механизаторлар мен басқа да қызметкерлердің тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі социалистік жарысын кеңінен ұйымдастырды. Коммунист Шевченко жолдастың бригадасы көктемде 1100 гектар тың жер игеріп, жоғары көрсеткішке ие болды. Бұл бригаданың тракторшылары жас патриоттар Соколов, Лунев жолдастар сменалық тапсырмаларын үнемі біржарым, екі есе орындап жүр.

Партия ұйымы мен жұмысшылар комитеті жеке тракторшылар мен тіркеушілердің және басқа қызметкерлердің социалистік міндеттемелерінің орындалуын үнемі бақылап отырады. Осының нәтижесінде біз социалистік жарыста елеулі табыстарға ие болудамыз.

Мәселен, көктемгі егісте тұқым себетін 13 агрегат ұйымдастырылды. Бірінші бескүндікте тапсырманы небары 4-ақ агрегат орындады. Партия ұйымы бұл агрегаттардың жұмыс тәжрибелерін зерттеп, басқаларға таратты. Екінші бескүндікте 13 агрегаттың бәрі де тапсырмаларын орындады. Көктемгі егістің аяқ кезінде комсомолец Гребашев жолдастың агрегаты 5 күнде 700 гектар жерге тұқым себу жөнінде көтеріңкі міндеттеме қабылдап, басқаларды социалистік жарысқа шақырды. Комсомол -жастар агрегатының шақыруы қызу қолдау тапты. Барлық агрегаттарда еңбектің жаңа өрлеуі басталды. Гребашев жолдастың агрегаты 7 күнде 869 гектар жерге тұқым септі. Басқа бригадалар да социалистік міндеттемелерін аброймен орындады. Осының нәтижесінде совхоз үшінші бескүндікте дәнді дақылдардың егіс жоспарын толық орындап шықты.

Совхоз партия ұйымы мен жұмысшылар комитеті кәзір пар жырту және шөп шабу кезінде, басқа да жұмыс участоктерінде социалистік жарыстың пәрменділігіне үнемі назар аударып келеді. Бригадаларда социалистік жарыстың қорытындылары көрсеткіш тақталарында, арнаулы бюллетеньдерде көрсетіліп, өндірістік жыйналыстарда талқыланады. Партия ұйымы коммунистердің авангардтық ролін арттыру, бұқара арасындағы саяси жұмысты жақсарту арқылы совхоздың рентабельді, үлгілі шаруашылыққа айналуына жетіседі.

Н. ГРАЧЕВ,

Ұзынкөл совхозы партия ұйымының секретары.

Шөп машиналарының қуатын толық пайдаланайық

☆ ☆ ☆ ☆ ☆

Мал азығын дайындауды егін жыйнауға дейін аяқтаймыз

Біздің колхоз аудандағы ірі ауылшаруашылық артельдерінің бірінен саналады. Колхозда егіншілікпен бірге, қоғамдық мал шаруашылығы өркендей түсіп, мал басы көбейіп, өнімділігі артуда. Кәзіргі уақытта колхоз фермаларында мыңнан астам сыйыр малы, 2 мыңнан астам қой және көптеген жылқы, шошқа, құстар бар. Әсресе, сауын сыйырлардың саны көбейіп, олардың құнарлылығы арттырылуда. Сауыншылар Антимонова және Казанцева жолдастар жыл сайын әрбір сыйырдан 2 мың литр және одан да артық сүт алып келеді.

Колхозда мал шаруашылығының өркендей түсуін мал азығының берік базасы жасалуынан деп түсіну керек. Біздің колхоздың колхозшылары Чапаев атындағы МТС- тің механизаторларымен бірлесе отырып, жыл сайын мал азығын дайындауды үлгілі ұйымдастырады. Өткен мал қыстатуда мал азығы жеткілікті болды. Артық дайындалған мал азығын көршілес шаруашылықтарға саттық.

Үстіміздегі жылы біз қоғамдық мал үшін 36 мың центнер мал азығын дайындауымыз керек. Буған бізде күш-мүмкіншіліктің барлығы да бар. Колхозда шабындық жерлер жеткілікті. Көктемде көпжылдық және біржылдық екпе шөптер егілген участокте тырмалап дискеледік. Мұның өзі алынатын өнімнің мол болуына мүмкіндік туғызуда. 400 гектар жерге егілген көпжылдық екпе-шөптердің өсуі жақсы. Біз мұның әрбір гектарынан кемінде 20 центнерден өнім алуды жоспарлап отырмыз.

Быйылғы көктемде колхозшылар мал азығының берік базасын жасау жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. 19 мың гектар суданка шөбі егіліп, сүрленетін дақылдардың көлемі 70 гектарға жеткізілді. Сауын сыйырларды жазда көк шөппен қамтамасыз ету мақсатымен 80 гектар біржылдық шөптер егілді. Тамыржемісті өсімдіктер мен картоптың көлемі ұлғайтылды. Картоп, тамыржемісті және сүрленетін дақылдар егісін егу жұмысы шаршы-ұялы әдіспен жүргізілді. Кәзіргі уақытта бұл дақылдардың қатараралықтарын баптап, күту жұмысын механика күшімен жүргізудеміз.

Мал азығын дайындауда МТС колхозға көп көмек көрсетуде. Кәзіргі уақытта колхоз даласында МТС-тің 3 өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін кең алымды шөп машиналарының екі агрегаты, шөп жыйнағыш, шөп маялағыштар жұмыс істеп жүр. Колхоз басқармасы бұл техниканы өнімді пайдалану мақсатымен олардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне барлық жағдайларды туғызып отыр. Шөп машиналарын қамтуға өз ісіне жауапты қарайтын колхозшылар бөлінді. Өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі Кудинов жолдас өткен жылы 2 мың гектар жердің пішенін шапса, быйыл 2,5 мың гектар пішен шабуға міндеттеніп отыр.

Өткен жылы өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін кең алымды шөп машиналарының агрегаттары әрбір участокте жұмыс істеген-ді. Біз быйылғы жылы бұл машиналардың барлығы бір участокте жұмыс істеуін ұйымдастырдық. Мұның өзі машиналарға техникалық көмек көрсетуді, оларды жанар май, сумен қамтамасыз етуді жеңілдетті және машиналардың жұмыс өнімділігі жоғары болуына мүмкіндік берді.

Колхозда көлікке жегілетін 6 шөп машинасы болса, бұлар түгелінен жұмыс істеп жүр. Бұл машиналар, әсресе, ағаш қойнаулындағы жерлердің пішенін шабуға пайдаланылуда.

Бізде шөп шабумен бірге, шабылған шөпті жыйнау және маялау жұмыстары бір-бірімен ұштастырыла жүргізілуде. Шөп жыйнағыштар мен маялағыштар жұмыска өнімді пайдаланылып келеді.

Быйыл біз кемінде 3 мың центнер мал азығын сүрлеуіміз керек. Бұл өткен жылғыдан екі есе артық. Бұл күндері колхозшылардың бірқатары шұңқырлар қазуда жұмыс істеп жүр. Кәзірдің өзінде сыйымдылығы 1700 центнерлік шұңқырлар казылды.

Мал азығын дайындаудың алғашқы күннен тығырықты ұйымдастырылуы еңбектің өнімді болуын қамтамасыз етуде. Өздігінен жүретін шөп машиналарының машинистері Кудинов, Гулянов, Щукин жолдастар күнделік тапсырмаларын үнемі артығымен орындап жүр. Осы сияқты шөп жыйнауда және маялауда жұмыс істеп жүрген колхозшылар да күнделік жұмыс тапсырмаларын 110—120 процеттен орындайды.

Колхозшылар мен механизаторлар мал азығын дайындау жоспарын егін жыйнау маусымы басталғанға дейін аяқтауды өздерінің алдына негізгі міндет етіп қойып отыр. Олар міндеттерін аброймен орындап шығу үшін күресуде.

П. ЧУПРАСОВ,

Мамлют ауданындағы Ленин атындағы колхоздың председателі.

Совхоз пішеншілерінің қажырлы еңбегі

Ұзынкөл совхозында мал басы 1950 жылғымен салыстырғанда кәзір екі есе өсті. Мал шаруашылығының өнімділігі де үздіксіз артып келеді. Совхоз коллективі быйыл мал басын өсірудің жылдық жоспарын барлық тұлықтан де мерзімінен бұрын орындауға, әрбір сауын сыйырдан кемінде 2000 литрден сүт алуға, әрбір қойдан 3,5 килограмнан жүн қырқуға міндеттенін отыр.

Мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі табыстардың баянды болуы үшін жемшөп қорын мол жасаудың маңызы зор екенін коллектив өз тәжрибелерінен жақсы біледі. Сондықтан да олар жемшөп базасын нығайтуға ерекше назар аударуда. Быйылғы көктемде совхозда мал азығы үшін 392 гектар мотар, 48 гектар суданка шөбі, 185 гектар көк шөп үшін сұлы, 525 гектар сүрленетін күнбағыс пен жүгері егілді. Тек сүрленетін күнбағыс пен жүгеріден ғана 41 мың центнерге жуық сүр азық әзірленетін болады. Бұлардан басқа 4544 гектар көпжылдық екпе шөп шабылады.

Мұның үстіне совхозда 112 мың центнер (оның 86930 центнері екпешөп есебінен) жемшөп әзірлеу жоспарланып отыр. Кәзір барлық бөлімшелердің пішен жыйнайтын бригадалары табиғи пішен жыйнауға ұйымшылдықпен кірісіп, оны қызу жүргізуде.

Пішеншілер социалистік жарыс туын жоғары ұстай отырып, жұмыстың алғашқы күнінен бастап еңбек өнімділігін арттырып келеді. Әсресе, жарыста алда келе жатқан № 3 бөлімшенің пішеншілерінің табыстары айтарлықтай. Бұл бөлімшеде күндік тапсырмасын толық орындамайтын бірде-бір машинашы жоқ. Ал, А. Родман, П. Ткаченко жолдастар тракторға тіркелген агрегаттпен күніне 20 гектардың орнына, 30-35 гектар жердің шөбін шабады. Сол сияқты, машинашы А. Грачев, тракторшы А. Кукин жолдастардың агрегаты да шөп шабуды күн сайын біржарым нормадан орындап жүр. Мұндай жоғары көрсеткіштерге ие болып жүрген машинашылар совхоздың басқа бөлімшелерінде де көптен саналады.

Машинашылардың табысқа жетуінің сыры — агрегаттарда еңбектің дұрыс ұйымдастырылуында, агрегат мүшелерінің өз міндеттерін орындауға ұқыпты және жауапкершілік сезіммен қарауында деуіміз керек. Тракторшылар, машинашылар машиналарды аса ұқыптылықпен күтеді. Оның бөлшектерін күн сайын жұмыс аяғында сүртіп, тазартып, босаған винттерді бұрап, нығайтып отырады. Жұмыс үстінде машиналарға жиі-жиі май құяды. Механиктер П. Скрипников, П. Дерпшмид жолдастар пішеншілердің арасында жиі болып, машиналардың қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырады.

Пішеншілер... деттемелерін 120—130 процеттен орындап келеді.

П. Правец пен Е. Ефофеева жолдастар басқаратын екі звеноның мүшелері өзара социалистік жарысқа түскен-ді. Соңғы бескүндікте Ефофеева жолдас басқаратын звено мүшелері өздерімен жарысушылардан күн сайын 10 центнер шөпті артық маялап жүрді. Бескүндіктің аяғында жарысушы звенолардың мүшелері жарыстың бескүндігін қорытты. Мұнда Ефофеева жолдас звено мүшелерінің еңбек өнімділігін арттыруының сыры неде екенін айтып берді. Правец жолдас басқаратын звеноның мүшелері озаттардың іс тәжрибелерін қолдана отырып, кәзір еңбек өнімділігін арттыра түсіп келеді.

Звено мүшелері өзара социалистік жарысты өрістетіп, бір -біріне достық көмекті күшейтіп отырудың нәтижесінде күн сайын 900—950 центнер шөп маялап келеді. Маяларды ірі, жауын өтпейтін етіп нығыз салуға баса көңіл бөлінеді.

Комсомолец Г. Гузь жолдас басқаратын пішен жыйнайтын агрегат мүшелерінің де табысы айтарлықтай. Олар «СТЗ—НАТИ» тракторына тіркелген кең алымды шөп тырнауыштармен күніне 60 гектардың орнына 100—105 гектар жердің шөбін жыйнауда. Бұлардан К. Измаилов жолдас басқаратын агрегат мүшелері де қалыспай келеді.

Пішеншілердің еңбек өнімділігін арттыруына колхоз басшылары да барынша қолайлы жағдайларды туғызып отыр. Барлық бөлімшелердің пішен жыйнайтын бригадалары таза, кең және ұран, плакаттармен безендірілген дала қостарында тұрады. Қоста жұмыстан бос уақыттарда пішеншілердің мәдениетті дем алуы үшін шахмат, домино, музыка аспаптары бар. Радиоқабылдағыштар арқылы олар еліміздің барлық жерлерінен хабар алып отырады. Газеттер мен журналдар күн ара жеткізіліп тұрады.

Совхоз партия ұйымы пішеншілер арасындағы бұқаралық- саяси жұмыстардың өрісі кең болуына үздіксіз назар аударады. Үгіт- бұқаралық жұмысын жүргізуге коммунистер мен комсомолецтер, совхоз мамандары мен интеллигенттер толық қатыстырылады. Жақында № 3 бөлімшесінің пішеншілеріне совхоздың аға агрономы Коровиковский жолдас малдың қондылығын жақсартып, өнімділігін арттыруда құнарлы көк шөптің маңызы туралы баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында бөлімше пішеншілерінің еңбек өнімділігін арттыра түсетін кейбір резервтердің әлі де толық пайдаланылмай отырғанын көрсетіп, ол резервтерді толық пайдаланудың шараларын ұсынды. Партия ұйымының секретары Н. Грачев, жұмысшылар комитетінің председателі Р. Бағаев жолдастар...

Жемшөп әзірлеуге қамқорлық нашар

Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозы өткен жылы пішен шабу, шөп сүрлеу жөніндегі белгіленген жоспарды орындамады. Сондықтан қыста мал азығы таншы болды. Бұл, әсресе, сауын сыйырлардың сүттілігін арттыруға өзінің кері әсерін тигізді. Колхозда әрбір сауын сыйырдан жыл бойында небары 900—1100 литрден ғана сүт алынды.

Колхоз басшылары өткен жылдың қыйыншылықтарынан тиісті қорытынды шығарып, быйыл пішен шабу, табиғи шөпті сүрлеу жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырулары керек еді. Бірақ, істің кәзіргі жағдайы мұның керісінше болып отыр.

Рас, колхозда пішен шабу кеш басталды деуге болмайды. Мұнда Совет МТС-нің 2 өздігінен жүретін, 2 тракторға тіркелетін шөп машиналарымен және көлікке жегілетін 5 машинамен шөп шабыла бастағалы бірқатар күндер өтті. Бірақ, не қайда, бұл машиналардың күші өнімді пайданылмайды. Шөп шабуға бөлінген колхозшылардың іске жауапкершілігі арт... жіберілген. Бұл жұмыска тағайындалған колхозшылардың еңбек өнімділігі төмен.

Колхозда шөп сүрлеудің жайы бұдан да нашар. Алдымен шөп сүрлейтін шұңқырларды тазалауды, жаңадан шұңқыр қазуды ұйымдастыру колхоз председателі Сыздықов жолдастың әлі есіне де келмеген көрінеді. Сыздықов жолдас тіпті быйыл табиғи шөп сүрлеуді керек деп есептемей отыр. Мұны дәлелдеу үшін мынадай бір фактіні айта кетуіміз керек.

Жақында колхозға Совет МТС-нің мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі аға механигі Шишкевич жолдас келді. Ол Сыздықов жолдаска орман, көл маңындағы ойпаң жерлердегі қою өскен табиғи пішенді шабуды және оны дереу тасып, сүрлеуді ұйымдастыруды ұсынды. Бұл орынды және уақыты жеткен мәселеге Сыздықов жолдас: «Біз быйыл табиғи шөпті сүрлеп әуре болмаймыз. Сүрлеу үшін екпешөптер жетеді. Ал олар әлі өсіп- жетіле қойған жоқ, сондықтан шөп ...

Ауданда пішен жыйнау, шөп сүрлеу жұмыстарын нашар ұйымдастырып отырған жалғыз «Еркіндік» колхозы ғана емес. Жаңдай Молотов атындағы, «Арал ағаш», «Иглік» колхоздарында да осындай. Алайда, бұл жағдайға колхоз, МТС басшылары қынжылатын көрінбейді.

Мал шаруашылығының өнімдерін арттыру, әсресе, сүр азықтарды мол дайындау ісіне байланысты. Олай болса, табиғи шөптерді сүрлеу жұмысын қарқынды жүргізіп, бұл жөніндегі жоспарды қолайлы мерзімде орындауды қамтамасыз ету керек.

Аудан колхоздарында жемшөп үшін егілген тамыржемістер, сүрленетін күнбағыс пен жүгері кәзір жақсы өніп-өсіп келеді. Олардан мол өнім алу үшін егісті күтіп- баптау жұмыстарын мұқият жүргізудің кезеңі де әлдеқашан-ақ туды. Дегенмен, көптеген колхоздар жемшөптік дақылдарды күтіп- баптау жұмысына кіріспей отыр.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

* * *

Салақтық па, салқын қараушылық па?

«Еркіндік» ауылшаруашылық артелінің пішеншілері күні бойы егін даласында еңбек етіп, кешке қарай ауылға оралған кез еді.

—Демалысты қайда, қалай өткізу керек? —десті колхозшылар.

—Оқу үйіне барып, соңғы газеттерді оқу керек, —деді трактороршы Айтен.

—Дойбы ойнасақ қайтеді, —деді Құсайын.

—Клубқа барып картина көрсек, —дейді енді біреуі.

—Егер орын тапсаңдар барарсыңдар, газет оқып, дойбы ойнап, картина көрерсіңдер, —деген кәкетінді дауыс бәрінен де басым шықты.

Шынында да орын қайда?

Еркіндік ауылдық Советінің председателі Мәмбетов пен колхоз председателі Сыздықов, колхозшылардың демалыс уақытты қызғылықты өтеді, колхозда оқу үйі бар, ал, жаздың масайраған көгалы, таза ауасы мен табиғаты клубтан артық емес пе? дейді.

Шынында да осы «Еркіндік» колхозының мәдениеті басшылардың айтқанындай ма? Жоқ, бұлай емес.

Колхозда клуб үйі жоқ. Ал, оқу үйі ауылдық Советтің тар бөлмесіне орналасқан. Оқу үйінің азды- көпті кітаптары мен газет, журналдары бір шкафқа тығыздап салынған. Бұл шкаф айында, аптасында бір рет ашылады. Оқу үйіндегі радиоқабылдағыш жұмыс істемегелі жылдан асты.

Оқу үйінің меңгерушісі және колхоз партия ұйымының секретары Е. Ақпанбаєв қызметке кеш шығып, ерте үйге қайтуды әдетке айналдырған. Колхозшылардың жұмыстан кейін оқу үйіне жыйналатыны оның ойына кіріп те шықпайды.

—Мүмкін Е. Ақпанбаєв колхоздың бригаларында болып, газет, журналдар оқып, көркемөнерпаздар үйірмесін басқарып, уақытының көпшілігі кететін шығар, — десеңдер колхозшылар:

—Айта көрмеңіз, ондай жағдай болған емес, —деген жауап береді.

Бұл колхоздағы тәзгісіз бір жағдай, 50 үйлі семья орналасқан колхоз орталығында қоғамдық мәнша жоқ. Ол-ол ма, колхоз басшылары колхозшыларды құдықпен де қамтамасыз ете алмай отыр. Небары жалғыз құдық бар. Сондықтан су алу кезегін күтіп, көп уақыттарын өткізетін колхозшылар да аз болмайды.

Колхозды ауыл мәдениетінің өсуіне мән бермей отырған басшылардың жұмыска салқын және салақ қараушы тәртіпке шақыруға аудан басшылары қашан көңіл бөлер екен?.

С. АЯҒАНОВ,

Совет ауданы, «Еркіндік» колхозы

Елді пункттерді көркейтуге мән бермей отыр

Новонавловтықтардың елді пункттерді көркейту туралы облыс еңбекшілеріне арнаған үндеуін, облыс еңбекшілері қызу ...

дастырылған. Шөп шабудағы колхозшылардың көпшілігі колхоз басшыларының рұқсатынсыз жұмыстан кетіп қалады. Жұмысты кеш бастап, ерте аяқтау әдетке айналған.

Осылардың салдарынан жұмыс уақыты толық пайдаланылмайды. Машинашылар күндік тапсырмаларын орындамайды. Міне, сондықтан да колхозда осы уақытқа дейін небары 100 гектардан аз-ақ артық шөп шабылды. Шабылған шөпті жыйнау, маялау жұмысы да бетімен

[illegible] ақ та кеш емес» деп, шмірікпестен жауап берді.

Шишкевич жолдас колхоз председателінің мұндай зыянды пікірімен оңай-ақ келіспе салды. Сөйтіп, ол колхозда жемшөп сүрлейтін шұңқырларды тазартуды, көлікке жегілетін машиналармен сүрлеу үшін табиғи шөп шабу жұмысын қолмақол ұйымдастыруды колхоз басшыларынан қатаң талап етудің орнына, өзіне керекті кейбір мәліметтерді алды да МТС орталығына кетіп отырды.

[illegible] міндет. Жемшөпті мейлінше мол әзірлеу —мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманың сөзсіз орындалуына жағдай жасайды. Олай болса, пішен жыйнау, шөп сүрлеу, жемшөптік дақылдарды күтіп-баптау жұмыстарындағы сылбырлықтар мен жауапсыздықтарды дереу жойып, бұл жұмыстарды бір-бірімен ұштастыра қызу қарқынмен жүргізу керек.

З. ФЕДОРОВ.

[illegible] таза шабуға ерекше назар аударады. Шөпті таза шабу үшін машиналардың шалғылары үнемі өткір болуы керек. Сондықтан барлық бөлімшелерде машина шалғыларын қайрайтын арнаулы адам тағайындалған. Олар да өз міндеттерін орындау жолында аянбай еңбек ете отырып, машиналардың шалғыларын күн сайын екі рет ауыстыруды қамтамасыз етеді.

Совхозда шабылған шөпті жыйнау, шөмелеге, маяға үю жұмыстары да жолға қойылған. Шөпті маялауда әрқайсысында 7 адам бар 10 комсомол -жастар звеносы жұмыс істейді. Норма бойынша әрбір звено күніне 100 центнер шөп маялау керек болса, комсомолец И. Пронин жолдас басқаратын звено мүшелері күн сайын 130 центнер шөп маялауға міндеттеме алып, басқа звеноларды социалистік жарысқа шақырды. Бұл инициатива барлық жастардың қолдауын тапты. Қазір комсомол- жастар звенолары алған міндетін [illegible] сына жиі- жиі болып, олармен әртүрлі тақырыптарда әңгіме өткізіп тұрады. Сол сыяқты, үгітшілер В. Листопадная, Н. Пархоменко, И. Антони, Е. Гаар жолдастар өздерінің үлгілі еңбектерімен де, жалынды үгітімен де жұртшылықтың құрметіне бөленуде.

Совхоз пішеншілері социалистік жарысты кең өрістетіп, еңбек өнімділігін еселеп арттыра отырып, кәзір 1500 гектарға жуық табиғи шабындықтардың шөбін шапты және бұл шабындықтан түскен өнімді іле- шала жыйнап, маялады. Жақында совхоз пішеншілері жаңадан бірнеше шөп маялағыштар, тағы басқа пішен жыйнайтын машиналар алды. Бұл пішен жыйнау жұмысының қарқынын арттыра түсуге, сөйтіп, жемшөп дайындаудың белгіленген жоспарын қолайлы мерзім ішінде орындап шығуға мүмкіншілік туғызады.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

[illegible] тарын, еңбекшілердің мәдени тілектерінде сай жұмыс істеудің негізгі шараларын белгілеуде.

Бірақ, істің жайы Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхозда керісінше болып отыр. Бұл колхозда тек ауылшаруашылық және мал шаруашылық жұмыстарымен шұғылданған басшылар елді пункттерді көркейту, колхозшылардың мәдени тұрмыстарын жақсарту- жұмыстарын естен шығарған.

Сөзімізді дәлелдеу үшін мына фактілерді айтса да жеткілікті: колхозда колхозшылардың демалыс уақытын өткізетін клуб жоқ. Сол сыяқты, почта бөлімшесін ашу да ескерусіз қалып келеді. Ал, 1951 жылда салынған колхоз кеңсе үйі, өткен жылы салынған дәрігерлік пункт үйі де күні бүгінге дейін өз дәрежесінде жөнделіп біткен отыр. Ағаш отырғызу, мал қораларын салу тағы басқа құрылыс жұмыстарын жедел жүргізуге колхоз басшылары тіпті асығар емес.

Жоғарыда көрсетілген маңызды іске мән бермей отырған жергілікті Совет председателі Акаев пен колхоз председателі Бірімжанов елді пунктті көркейтуге қашан көңіл аударар екен.

М. МУСИН,
Октябрь ауданы, Чапаев атындағы колхоз.

151 МАЯ САЛЫНДЫ

Булаев ауданындағы Возвышен совхозының коллективі қоғамдық малға жемшөп дайындауға қызу кірісті. Қазірдің өзінде совхоз 2269 гектар алаңның шөбін шауып, 8020 центнер шөп жыйнады. Бұдан 151 мая тұрғызылды.

Совхоздың № 4 бөлімшесінде шөп шабу науқаны қызу жүргізілуде. Мұнда қысқа мерзім ішінде 620 гектар алаңның шөбі шабылып, одан 1525 центнер шөп жыйналды. Бұл бөлімшеге керекті мал азығының 32 процентінен артық.

Кеңалымды шөп машинасының жүргізушілері Беккер, Яровой жолдастар күн сайын 40-50 гектар алаңның шөбін шауып, өз жұмыстарында айтарлықтай табыстарға ие болуда.

Т. ЕСЕНОВ.

Шаршы-ұялап егілген жүгері мен күнбағысты күту ісін үлгілі өткізейік

Коммунистік партия мен Совет үкметі жүгері мен күнбағысты өсіру агротехникасының озат тәсілдерін ауылшаруашылық өндірісіне кеңінен енгізу негізінде жүгері мен күнбағыс егісінің көлемін ұлғайтып, шығымдылығын арттыру, трактор паркін пайдалануды жақсарту, егіс жұмыстарының сапасын жақсартып, оларды өткізудің мерзімін қысқарту, топырақка жергілікті және минералды тыңайтқыштар енгізу, сол сыяқты, егін жыйнау кезінде астықтың ысырабына қарсы күресті күшейту жөнінде колхоз, совхоз еңбекшілерінің алдына жауапты міндеттер қойды.

Республикамыздың колхоздары быйыл жүгері егісінің көлемін өткен жылдан 8 еседен аса және күнбағыстың көлемін 25 процент ұлғайтады.

Жүгері мен күнбағыс быйыл барлық жерлерде «СШ—6» сеялкаларымен және қолдан егетін машиналармен тек шаршы-ұялау әдіспен егілді. Тұқымды осындай әдіспен сепкенде ұзын және көлденең бағыттарда ұялардың біркелкі орналасуы қамтамасыз етіліп, қатараралықтарды бантау ісін екі бағытта механикаландырылған әдіспен жүргізуге мүмкіндік туады, бұл егінінің шығымдылығын арттырады және жүгері мен күнбағыстың әрбір гектарын бантауға кететін еңбекті бұл дақылдарды әдеттегі қатарлап еккендегімен салыстырғанда екі еседей дерлік кемітеді.

Жүгері мен күнбағыстан мол өнім алу үшін оларды мұқият бантап, күтуді ұйымдастыру қажет. Қатараралықтардағы топырақты қопсытылған күйінде және арамшөптерден таза сақтау керек, бұл топырақтағы ылғалдың буланып кетуін кемітеді, өсімдіктердің ауа және қоректену режимін жақсартады.

Жүгері мен күнбағыстың тұқымын себілгеннен бастап, олар толық көктеп шыққанша 7 күн, кейде 10 күн өтеді. Бұл уақыт ішінде топырақтың жоғарғы қабатындағы арамшөптердің көптеген тұқымы өніп үлгіреді. Егінінің көгін тырмалау арамшөптерді жояды, топырақты қопсытады, сөйтіп, мұнымен өсімдіктің тамырларына ауаның баруын жақсартып, топырақтағы бактерияның жақсы тіршілік етуін қамтамасыз етеді, ал бұл өз тарапынан өсімдіктердің өсіп- өнуін күшейтеді.

Жүгерінің тамыр жүйесі топырақта әрі төмен қарай, әрі оның үстіңгі қабатына жақын өседі. Өсімдіктің тамырларын бұл дірмеу үшін бұл дақыл егілген жерде қатараралықтардағы топырақты ұзынынан және көлденеңінен бантаудың тереңдігін әрбір ретінде кеміте отырып, қатараралықтардың қабаттарына бантау әдісін қолдану қажет. Жүгерінің қатараралықтарын ұзынынан және көлденеңінен бірінші рет культиваторлауды тырмалағаннан кейін 5—7 күннен соң 8—10 сантиметр тереңдікте жүргізу керек.

Жүгері егісінде екінші қос жапырақтар өсіп шығысымен егіннің көгін сиретіп, ұяда неғұрлым жақсы өскен екі-үш өсімдікті қалдыру керек; бұлай жасағанда бір гектарда, ұялардың арасы 70х70 және 60х60 сантиметр болғанда, 40—45 мың өсімдік қалады. Егер өсімдіктердің жиілігі осындай болғанда жүгерінің әр гектарынан салмағы 100 грамнан бір сыбықтан жыйналатын болса, онда жүгері дәнінің өнімі 40—45 центнер болады, ал әр гектардан алынатын көкшөп 500 центнерге дейін жетеді.

Ұялардағы арамшөптерді бір мезгілде отай отырып, қатараралықтарды екінші рет культиваторлауды бірінші реттеп кейін, 15—20 күн өткен соң 6—8 сантиметр тереңдікте жүргізу қажет. Егер қатараралықтарды үшінші рет культиваторлау қажет болса, онда ол 4—5 сантиметр тереңдікте жүргізіледі.

Екінші рет культиваторлағаннан кейін әр гектарына 1,5—2 центнер суперфосфат немесе 3—4 центнер күс сапырығы есебінен өсімдіктерді үстеп қоректендіру қажет, бұдан кейін өсімдіктерді түптеу жұмысы жүргізіледі.

Күнбағыс егісін баптап- күткенде қатараралықтарды бірінші рет культиваторлау 5—8 сантиметр тереңдікте, екінші рет культиваторлау 8—10 сантиметр және үшінші рет культиваторлау 6—8 сантиметр тереңдікте жүргізілуі қажет.

Жүгері мен күнбағыстың қатараралықтарын қопсыту үшін трактормен тіркелетін «КуТС—4,2», «УК», басқа да культиваторларды және алымы шаршы-ұялап себетін сеялкаға тең культиваторларды, сол сыяқты атқа жегілетін культиваторларды қолдануға болады.

Жүгері мен күнбағыстың қатараралықтарын тоғыспалы әдіспен культиваторлағанда көктеп шыққан өсімдікті топырақ басын қалмауын байқау керек. Бұған культиваторлардың жұмыс істейтін тетіктерін дұрыс реттеу арқылы жетуге болады. Тоғыспалы әдіспен дұрыс культиваторлаудың мәнісі мынада: дақыл егілген алаңның шамамен кемінде 90 проценті қопсытылуы керек, бірақ, сонымен бірге көктеп шыққан өсімдікті топырақ баптауы және культиваторлардың табандары бүлдірмеуге тиіс. Культиватор дұрыс реттелуге тиіс, ал қатараралықтардың арасын түгел қопсыту үшін қостабан қатар орнатылуы керек. Солай болатұрса да көп реттерде культиваторлар жұмыста алдын ала реттелусіз және қатараралықтардың арасы бір табаннан ғана орнатылып пайдаланылып жүр. Осының салдарынан арамшөптер толық қырқылмай қалады, ал қатараралықтарда топырақтың үстіңгі қабатындағы ылғалдың бұға айналуын күшейтетін терең боразда лар пайда болады.

Жүгері мен күнбағыс топырақтың ылғалдылығын көп керек етеді. Сондықтан суармалы участоктерде жүгері мен күнбағыстың өсу кезеңінде 2—3 рет суару қажет. Өсімдіктерді кішкене боразда лар арқылы суарған дұрыс болады. Суарылғаннан кейін 2—3 күн өткен соң қатараралықтарды міндетті түрде культиваторлап, бұдан кейін ұялардағы өсімдіктерді реттеп қою керек. Суарылмайтын участоктерде қатараралықтарды топырағы қопсытылған және арамшөптерден таза ұстау қажет.

Егер жүгері астыққа арнап өсірілетін болса, онда оның сабағы 40—50 сантиметр биіктікке жеткенде, өсімдіктің жетім жапырақтарын қырқу қажет; бұл собықтардың жақсы өсіп жетілуіне көмектеседі, ал оталған жапырақтар малды лагерьлеп—жайып бақ қанда жақсы көкшөп болып табылады.

Жүгері мен күнбағыс тоғыспалы тозаңданатын дақылдар, егер олар тұқым үшін өсірілсе, бұл дақылдардың шығымдылығы тозаңдандырудың қаншалықты толық өткізілгендігіне байланысты болады. Тозаңдандырудың жақсы өткізілгендігіне күмәнданбау үшін бұл дақылдар гүлдеген кезде қосымша қолдан тозаңдандыру қажет.

Жүгеріні қолдан үстеп тозаңдандыруды таңертеңгі мезгілде сағат 5-тен 10-ға дейін, шашақтарды аналықтың ауызына сілку әдісімен жүргізіледі. Жүгерінің собықтары бір мезгілде пайда болмайды, сондықтан қолдан үстеп тозаңдандыруды екі дүркін жүргізу керек.

Күнбағыстың дәнсіз болмауына жол бермеу және онан алынатын дәнді молайту үшін өсімдік гүлдейтін кезде егістің бір гектарына бір-бір жарым ара семьясын егістікке көшіріп шығару немесе бір өсімдіктің тозаңын екінші өсімдікке ауыстыру жолымен күнбағысты қолдан үстеп тозаңдандыру және қайта тозаңдандыру қажет.

Қолдан қайта тозаңдандырудың әдісі мынадай: қолда жұмсақ шүғадан немесе үй қоянының терісінен тігілген қолғап киіледі де, қолғапты гүлдеген күнбағыстың басына ақырын ғана тигізу арқылы бір өсімдіктің тозаңы екінші өсімдікке ауыстырылады.

Қолдан үстеп тозаңдандырудың және қайта тозаңдандырудың екінші бір әдісі мынадай: күнбағыстың гүлдеген басының бірі гүлдеген жағы жоғары қаратылады да оның үстіне күнбағыстың екінші бір басының тозаңы ақырын ғана сілкіледі. Бұдан соң тозаңы түсірілген күнбағыстың басы екінші бір күнбағыс басының астына қойылып, тозаңдандырылады, тағысын тағылар.

Жүгеріде түйір қарақұйе, ал күнбағыста —сұңғыла пайда болғанда қарақұйені түйіршіктері жетілгенге дейін кесіп түсіру, ал сұңғыланы отап, егістіктің шетіне шығарып, өртеу керек немесе 50 —60 сантиметр тереңдікте жерге көму қажет.

Астыққа арналған жүгеріні әбден піскен кезде сентябрьдің басында, ал сүрлеуге арналғанын сүттене бастаған кезде және балауызданған кезде жыйнау керек.

Күнбағысты басының төменгі жағы сарғайған кезде жыйнаған жөн. Бұл кезде күнбағыстың тұқымы бірқалыпты түрге келеді, бірақ оның басында ылғал әлі көп болады.

Күнбағысты арнаулы жабдықталған комбайндармен жыйнаған өте жақсы болады. Бұл өнімнің көп ысырап болуына жол бермейді.

Жүгері мен күнбағыс егісін күтудің осы жай агротехникасын қолданып, республикамыздың колхоздары мен совхоздары үстіміздегі жылдың өзінде-ақ бұл дақылдардан мол өнім және қоғамдық мал шаруашылығы үшін қосымша мыңдаған тонна жоғары сапалы сүрлейтін мал азығын ала алады.

Н. КУЛАВСКИЙ,
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің МТС-тер және механикаландыру бас басқармасының дәнді және майлы дақылдар басқармасының аға агрономы.

„Ленин туының“ дабылынан

кейін

„Машина қашан жөнделер екен“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 16 майдағы номерінде «Машина қашан жөнделер екен» деген тақырыппен мақала жарияланды. Мұнда «Союзсельхозавтотранстың» Петропавл автомобиль ротасының «Бірлік» колхозының автомашинасын деркезінде жөнделмей бермей отырғанды ығы айтылған болатын.

ҚКП қалалық комитетінің өнеркәсіптранспорт бөлімінің меңгерушісі Гречкосеев жолдас автомобиль ротасының жұмысында мақалада көрсетілгендей кемшіліктер орын алып келгендігі анықталғандығын хабарлады. Автомобиль ротасының командирі Драгомиров жолдас жөндеу жұмыстарын жақсарту шараларын қарастырған. «Бірлік» колхозының «ГАЗ—51» автомашинасы толық жөнделіп, колхоз өкіліне табыс етілген.

* * *

Газетіміздің осы жылғы 7 майдағы номерінде жарияланған «Селоны көркейту ісімен кім шұғылданады» деген мақалада Преснов ауданындағы Майбалық ауылының мәдениет жағынан артта қалып отырғандығы, ауылды көркейту жөнінде қабылданған қаулылардың жүзеге асырылмай келгендігі айтылған болатын.

Еңбекшілер депутаттарының Преснов аудандық Совет атқомі редакцияға, мақалада көрсетілген фактілер толық анықталғанды, Майбалық селолық Советінің атқомінде және Калинин атындағы колхоздың басқармасына бұл ауылды көркейту ісін жақсарту және 1954 жылы клуб құрылысын аяқтау жөнінде нұсқау берілді, деп хабарлады.

Гватемаланың берген шағымын Хауіпсіздік Советінде талқылауды АҚШ сәтсіздікке ұшыратуда

НЬЮ-ЙОРК, 26 июнь. (СОТА). Кеше Гватемаланың өтініші бойынша шақырылған Хауіпсіздік Советінің мәжлісі болды.

Мәжлісте бірінші болып сөз сөйлеген Бразилия өкілі Гватемала өзінің шағымын «бейбітшілікті қамтамасыз ету жөніндегі американаралық «комитеттен» (Латын америкасындағы өзінің саясатын АҚШ осы органның көмегімен жүргізіп отырады.— **ред**), қайтып алғанына қарамастан қарулы шабуыл жасалғандығы туралы Гватемаланың берген шағымын қарауға бұл комитет праволы-мыс дегенді айтты. Ол осы комитеттің «тергеу комиссиясы» Никарагуға мен Гондураста болып, өзінің қорытындыларын хабарлағанға дейін Хауіпсіздік Совет ешқандай шара қолданбасын дегенді ұсынды. Бразилия делегаты Гватемаланың 19 және 22 июньдегі жолдамаларын қарау енгізілген Хауіпсіздік Советінің болжалды күн тәртібін қабылдауға өзінің қарсы дауыс беретіндігін мәлімдеді.

Күн тәртібі жөнінде сөз алған Совет Одағының өкілі С. К. Царапкин агрессияға душар болып отырған Гватемала өкілі мәжліске қатысуға шақырылсын, өйткені оның пікірін тыңдамайынша, Совет бұл мәселені талқылай алмайды, дегенді ұсынды.

Лодж Гватемала өкілінің шақырылуына қарсы бағытталған қаулы шығарды.

Бұған байланысты Царапкин Гватемала туралы мәселені талқылауға Хауіпсіздік Советі іс жүзінде көзірдің өзінде кіріс ті және Бразилия бұл мәселені американ мемлекеттерінің ұйымына тапсыруды ұсынады, ал Гватемала өзіне қарсы жасалған агрессия жөнінде шаралар қолданылуын өтінеді, деп көрсетті.

Царапкин былай деп атап көрсетті: егер Лодж ұсынған шаралар жүзеге асырылатын болса, және күн тәртібі қабылданбайтын болса, онда Совет сейтіп Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесін оған агрессия жасалғандығы туралы ұсынған айыптардың қаралуына жету правосынан айырады, деп атап көрсетті.

Дауыс беру кезінде Советтің 10 мүшесі Царапкиннің пікіріне қарсы дауыс берді және күн тәртібі қабылданғанға дейін Гватемала мәжліске шақырылмасын деген Лодждың қаулысын қуаттады.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Колумбияның өкілі, Бразилия өкілі сыяқты, Гватемалаға шабуыл жасалуы туралы мәселе жөнінде американ мемлекеттерінің ұйымы шұғылдануға тиіс дегенді талап етті.

Англия өкілі Диксон Гватемаланың позициясы айқын емес дегенді айтты.

Ол жағдайды өзінсіз талқылауға болмайды деп мәлімдеді және «бейбітшілікті қамтамасыз ету жөніндегі американаралық комитеттің «информация комитеті» осы миссияны орындау үшін сапарға шығады деп сенім білдірді. Оның бержағында Диксон бұл мәселені Хауіпсіздік Советі «тұпкілікті жауапкершіліктен» жалтармауға тиіс деп атап көрсетті. Ол Бразилия мен Колумбияның бұл мәселе Советтің күн тәртібіне енгізілмеуі тиіс деген ұсынысы мен өзінің келісе алмайтынын, бірақ Бразилия ұсыныстарына қарсы дауыс бергісі келмейтінін, сондықтан болжамды күн тәртібін қабылдау жөнінде дауыс беруден қалыс қалатындығын айтты.

Францияның өкілі Оппено Біріккен корольдік өкілінің көзқарасын өзінің қуаттайтынын мәлімдеді.

Ливанның өкілі Малик болжамды күн тәртібін қабылдамау туралы ұсынысқа байланысты қалыс қалатындығын білдірді, егер Хауіпсіздік Советі өзі көз болып отырған хауіпті жағдайды караудан бастартса, онда «осы сыяқты хауіпті жағдай» тағы да қайталануы мүмкін деді.

Малик күн тәртібінің қабылданылуын жақтап өзінің дауыс беретіндігін айтты.

Түркияның өкілі мен гоминдандық күн тәртібінің қабылдануына қарсы шықты, Жаңа Зеландия мен Данияның өкілдері Ливанның позициясына ұқсас позиция ұстады.

Бұдан кейін Совет Одағының өкілі Царапкин сөз сөйледі, ол агрессияға душар болған БҰҰ-ның мүшесі болып табылатын мемлекеттің өкілін айла және қулық-сұмдық жасау арқылы Хауіпсіздік Советіне шағым беру правосынан айырады, мұның өзі Уставтың 32 статьясын түгелдей бұзғандық болады деп көрсетті.

Бұдан әрі Царапкин Совет мүшелері стол жанында отырып ,осы пунктті күн тәртібіне енгізу керек пе, жоқ па, деген мәселені талқылап жатқан кезде Гватемала қаласы бомбаланып жатыр деп мәлімдеді.

Царапкин бұл мәселені күн тәртібіне енгізбеген агрессорларға ғана пайдалы болған болар еді, деп атап көрсетті және қорытындысында Совет делегациясы күн тәртібінің қабылданылуын жақтап дауыс береді, деді.

Құрама Штаттардың өкілі ретінде сөз сөйлеген Лодж күн тәртібін қабылдауға қарсы шықты. Егер, деп мәлімдеді ол, Хауіпсіздік Советі американ мемлекеттері ұйымының Гватемала берген шағымды қарау «правосын» құрметтемесе, оның зардабы күшті болатындығы соншалық, ол Біріккен Ұлттар Ұйымының болашақтағы пайдалылығын кемітеді.

Екінші рет сөз алған Царапкин Лоджды егер Устав батыс жарты шар үшін қолданылатын болса, Біріккен Ұлттар Ұйымы апатқа ұшырайды деп қорқытқанына тоқтай келіп, БҰҰ мүшелері барлығына бірдей міндетті Уставты басшылыққа алатын болады, немесе уставтан ешнәрсе қалмайтын болады, деп атап көрсетті.

Бұдан кейін Хауіпсіздік Советі күн тәртібін қабылдау туралы мәселені дауысқа қойды. Хауіпсіздік Советінің төрт мүшесі Совет Одағы, Ливан, Дания және Жаңа Зеландия күн тәртібінің қабылдануын жақтап дауыс берді, Хауіпсіздік Советінің бес мүшесі—Құрама Штаттар, гоминдандық, Түркия, Бразилия және Колумбия бұған қарсы дауыс берді. Екеуі Англия мен Франция қалыс қалды. Лодж күн тәртібі қабылданбағанын хабарлады.

Хауіпсіздік Советінің мәжлісі осымен аяқталды.

СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ ЖЕНЕВА КЕҢЕСІ

ЖЕНЕВА, 25 июнь. (СОТА). Бүгін тоғыз делегацияның жабық мәжлісінде Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе онан әрі талқыланған.

Бұл мәселе жөніндегі келесі жабық мәжліс 29 июньде болады.

ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚТАРЫ ГВАТЕМАЛАДАҒЫ АМЕРИКАН ИНТЕРВЕНЦИЯСЫН АЙЫПТАУДА

НЬЮ- ЙОРК, (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшілерінің хабарларынан көрініп отырғанындай, 53 кәсіподаққа біріккен 500 мың мүшесі бар Чили еңбекшілерінің біртұтас кәсіподақ орталығы Американың Гватемалаға қарулы күшпен басып кіруіне қарсы наразылық білдіру ретінде 24 июньде бір сағаттық ереуіл өткізуге қаулы алған.

Гватемала армиясының агрессияға қарсы күрестегі табыстары

ЛОНДОН, 25 июнь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Гватемала армиясы командованиесінің хабарын берді, онда былай делінген: Гватемала армиясы кәзіргі уақытта ұрыс қыймылдарының алаңын дағы стратегиялық пунктердің бәрін бақылауда. Гватемала армиясының командованиесі 24 июньде үкімет әскерлері Пуэрто-Барриосты «толығымен бақылауда» деп мәлімдеген. Пуэрто-Барриоста да және одан 60 миль жерде орналасқан Гуалан қаласында да басқыншылардың қолында бірде- бір тіректі пункт қалмаған. Бұл хабар 24 июньдегі түске дейін 12 сағат бойы жүргізілген ұрыс қыймылдарын қамтыған.

Хабарда айтылғанындай, үкімет бөлімдерінің қолына көшті, қаланың шет аймақтары душпаннан тазартылды. Армияның командованиесі душпан зор шығынға ұшырады, деп хабарлаған. Қару, жарылғыш заттар және басқа соғыс жабдықтары тартып алынған, мазмұндаманың қорытындысында душпанның самолеттері 23 июньнің кешінде астананың үстіне ұшып келген жоқ, деп көрсетілген.

ПАРИЖ, 25 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Гватемала қаласынан берген хабарына қарағанда, республиканың президенті Арбенс баспасөзге арнаған мәлімдемесінде Гватемалаға басып кірген басқыншылардың жасаған қылмыстарын масқаралаған. Басқыншылар жай адамдары, көбінесе шаруалар комитеттерін, мектептерін, ауылдарын, ауылдағы мектептерін, мектеп оқушыларын, мектеп оқушыларының ата-аналарын, мектеп оқушыларының ата-аналарының ата-аналарын, мектеп оқушыларының ата-аналарының ата-аналарының ата-аналарын, мектеп оқушыларының ата-аналарының ата-аналарының ата-аналарының ата-аналарын, мектеп оқушыларының ата-аналар

университетінің студенттері 22 июньде Гватемаладағы американ интервенциясына қарсы 24 сағаттық наразылық ереуілін жариялаған.

ГВАТЕМАЛАНЫ ҚОРҒАУ ҮШІН

ЛОНДОН, (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Буэнос —Айрестен былай деп хабарлады.

Аргентинаның радикалдық партиясының председателі Артуро Фрондси кеше Гватемаланың елшісіне радикалдық партияның Гватемала үкметімен тілектестігін білдіру үшін елшіге барын жолықты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ШИЕЛЕНІСТІ БӘСЕҢДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖАБЫЛУЫ

СТОКГОЛЬМ, 24 июнь. (СОТА). Халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі халықаралық конференцияда кеше конференцияға қатысушылар саяси, экономикалық және мәдени проблемалар жөніндегі ұсыныстарды талқылады.

Конференция талқыланған мәселелер бойынша қарарлар қабылдады. Конференция өзінің жұмысын аяқтады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗЫЛ КРЕСТ КОМИТЕТІНІҢ ҚАРАРЫ

ЛОНДОН, 24 июнь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Женевадан былай деп хабарлады:

Халықаралық Қызыл Крест комитеті Гватемаланың Қызыл Кресіне өзінің көмектескісі келетінін ұсынды.

ИНДИЯ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ САУДА КЕЛІССӨЗДЕРІ

ДЕЛИ, 25 июнь. (СОТА). Дели радиосының хабарына қарағанда, бүгін Делиде Индия мен Қытай Халық Республикасы арасында сауда келіссөздері басталған. Индияның делегациясы сауда және өнеркәсіп министрлігінің өкілдерінен құрылған. Қытай делегациясын Делидегі Қытай елшілігінің өкілі басқаруда. Басталған келіссөздердің мақсаты екі елдің арасында сауданы ұлғайту.

МЕНДЕС-ФРАНСТЫҢ ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙМЕН КЕЗДЕСУІ ТУРАЛЫ ФРАНЦУЗ ГАЗЕТТЕРІНІҢ ПІКІРІ

ПАРИЖ, 24 июнь. (СОТА). Париждың бүгін шыққан газеттері Мендес-Франстың Чжоу Энь-лаймен Бернде кездескеніне зор көңіл бөлуде. Газеттер бұл кездесуді ұнатқан пікірлер айтып, бұл кездесудің Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы келіссөздер ойдағыдай жүргізіледі деп үміттенуге мүмкіндік беретінін атап көрсеткен.

«Фран-тирер» Мендес-Франстың Вьетнам Демократиялық Республикасының өкілімен де кездесуіне мүмкіндік беретін «формула» әлі күнге дейін табылған жоқ деп қынжылған.

Гватемала халық партиясының Гватемала үкметінің ұлттық-буржуа-барриосқа душпанның қарсыласуын жеңіп, «әуе арқылы жеткізу нәтижесінде жақсы жабдықталып, қаруланған» басқыншылардың тіректі пункті —Моралес бағытында шабуыл жасауда. Хабарда былай деп көрсетілген: Моралес үкмет әскерінің мүшелері мен кәсіподақ басшыларын атып өлтірген. Бананды ауданында, делінген мәлімдемеде, нашар қаруланған жергілікті кәсіподақ басшылары «ақырына дейін қорғанып», асқан ерлік көрсетті.

Гватемаланы қорғау үшін

Қытай Халық Республикасы

ШАНХАЙ, 24 июнь. (СОТА). Шанхайдың барлық газеттерінде Америка Құрама Штаттарының Гватемалаға қарсы жасап отырған интервенциясы туралы хабарлар басылды. «Вэньхуэйбао» газеті былай деп жазған: Құрама Штаттар мен олардың агентурасының Гватемалаға қарсы бұлдіру әрекеттері Гватемаланың заңды үкметін қару жұмсау жолымен орнынан түсірудің тікелей әрекетіне айналды. Гватемала халқы шетелдік басқыншыларға қарсы қасиетті күресінде жалғыз емес. Бүкіл дүниежүзінің және әсресе Латын Америкасы елдерінің халықтары Гватемала халқын қолдап, тілектестік білдіруде.

УРУГВАЙ

МОНДЕВИДЕО, 24 июнь. (СОТА). 22 июньде мыңдаған уругвайлықтар Гватемала халықтарының өз бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресіне тілектестік білдіру ретінде Уругвай университеттері студенттерінің федерациясы ұйымдастырған Мондевидеодағы университет алаңына митингке жыйналды.

Митингке қатысушылар АҚШ әзірлеп, қолдаған Гватемаладағы интервенцияны айыптап, қан төгістің дереу тоқтатылуын талап етті. Митинг сан мыңнан аса адам қатысқан демонстрациясымен аяқталды.

ГЕРМАНИЯНЫҢ БІРЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕРЛИН, 24 июнь. (СОТА), АДН агенттігі Германияның бірлігі мәселелері жөніндегі комитеттің мазмұндамасын жариялады. Бұл мәлімдемеде Бонндық конті Аденауэрдің «жалпы договор» деп аталатыны күшіне кіргеннен кейін Батыс Германия суверенитет алды-мыс деген желеуін әшкереленген.

Батыс Германияда төнген халық бұқарасының Батыс Германия үшін суверенитет болуы тілемейтін және оған жету қолынан келмейтін Бонн үкметінің саясатына қарсы ашу- ызасының күшейіп отырғанын атап көрсете келіп, комитет өзінің мәлімдемесінде былай деген: Аденауэр, жұртшылық пікірін тыныштандыруды көздеп, «жалпы договор» күшіне кіргеннен кейін Батыс Германия суверенитет алады- мыс деген желеуді қолдануда. Соның өзінде, мәлімдемеде атап көрсетілгеніндей, Аденауэр француз халқына дұрыс қоя беруде, өйткені, француз халқының қарсылануы нәтижесінде «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор әлі де бекітілмей қалып отыр.

Мәлімдемеде атап көрсетілгеніндей, Батыс Германияға суверенитет беру «жалпы договордың» күшіне кіруімен байланысты болып отыр-мыс деген Аденауэрдің желеуі Батыс Германияның жұртшылығын адастыруды қасақана көздеген әрекет болып табылады, өйткені, «жалпы договор» Батыс Германияға суверенитет әкеле жатқан жоқ, қайта Батыс Германияны агрессияның ошағына айналдырысы келетін АҚШ үкметінің өктемдігіне оны толығымен бағындырады.

ВЬЕТНАМ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ МЕН ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ КОРПУСЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ КОМАНДОВАНИЕЛЕРІ ӨКІЛДЕРІНІҢ АЛДАҒЫ КЕЗДЕСУІ ЖАЙЫНДА

ПЕКИН, 24 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Вьетнам Халық армиясы мен Индо- Қытайдағы француз экспедициялық корпусының жоғарғы командованиелерінің байланыс офицерлері екі үкметтің өкілдерінің ресми түрде кездесетін мезгілі туралы келісу үшін 19 июньде Вьетнамда кездескен. Бұл туралы Вьетнам Халық армиясы жоғарғы командованиесінің өкілі Вьетнам информация агенттігі таратқан өз мәлімдемесін хабарлаған. Бұл мәлімдемеге қарағанда Вьетнам Халық армиясының жоғарғы командованиесі соғыс тұтқындары туралы мәселені ғана емес, сонымен қатар Женева кеңесінің 29 майдағы және 2 июньдегі мәжілістерінде қол жеткен келісімге сәйкес басқа да соғыс проблемаларын талқылау үшін кездесуді ұйымдастыру жөнінде инициатива көрсеткен.

ЧЕРЧИЛЛЬ МЕН ИДЕННІҢ ВАШИНГТОНҒА КЕЛУІ

ВАШИНГТОН, 25 июнь. (СОТА). Великобританияның премьер -министрі Черчилль мен сыртқы істер министрі Иден АҚШ президенті Эйзенхауэрмен келіссөздер жүргізу үшін бүгін Вашингтонға келді.

АҒЫЛШЫН ҚАУЫМДАР ПАЛАТАСЫНДА

ЛОНДОН, 24 июнь. (СОТА). Пресс ассошиэйшн агенттігінің хабарына қарағанда, кеше қауымдар палатасында сыртқы саясат мәселелері жөнінде жарыссөзде шығып сөйлеген оппозицияның басшысы Этли Иденнің Женевада жұмсаған күш-жігерін атап көрсеткен және Молотовтың да кеңестің «мейлінше табысты болуын көздегені мүлдем айқын» деген.

«Мен, —деген бұдан кейін Этти, — былай деп санаймын: Европадағы кеңесте Қытайдың шын мәнісіндегі билеушілерінің тұңғыш рет табыстары бұл кеңестің ерекше маңызы бар сипаты болды. Қытайдың қазіргі үкметінің осы уақытқа дейін бұл елдің жұрт таныған үкметі деп саналмай отырғандығы шынында да қыйсынсыз. . . менің пікірімше, Кореядағы жағдайды реттеуге шын кедергі болып отырған нәрсе сол, Қытайдың дәрежесі әлі күнге дейін танылған жоқ және Қытай Біріккен Ұлттар Ұйымында өзіне тиісті орнын алмай отыр».

Либеральдық партияның басшысы Клемент Дэвис, атап айтқанда, былай деп мәлімдеген: «бейбітшілікке жету үшін және оған түйдек соғыстар арқылы емес, қайта ақылға сыйымды жолмен жету үшін, біріншіден, барлық елдердің, соның ішінде Құрама Штаттардың Қытай үкметін тануы керек және екіншіден, бұл үкметтің Біріккен Ұлттар Ұйымында тиісті орнын алуы керек».

Консерватор Роберт Бутби Құрама Штаттардың Женевада қандай да болса мәселені бейбітшілікпен реттеуді шын ниетімен тілегендігіне күмән келтірген.

ИНДОНЕЗИЯДА АМЕРИКАН ФИЛЬМДЕРІ КӨБЕЙІП КЕТКЕН

ДЖАКАРТА, (СОТА). Баспасөздің хабарларына қарағанда, Құрама Штаттар Индонезияда мәдениет саласында асыруда. Индонезияда 600 кинотеатр бар. Бұларда негізінен американ фильмдері көрсетіледі. Джакартада американдық ең ірі кинокомпанияның ассоциациясы құрылып, бұл компаниялар басқа елдерден кинокартиналар әкелуге тыйым салып қана қоймай, сонымен бірге ұлттық фильмдерді көрсетуге кедергі келтіруде.

Баспасөз хабарларынан көрінгеніндей, АҚШ бұл елдің жас кино өнеркәсібін мүлде дерлік тұншықтыруда. Тіпті Индонезия фильмдері кинотеатрлардың экрандарына өте алмайтындай жағдай туған. Жұртшылықтың батыл наразылықтарына қарамастан, халыққа, Голливудтың қоқыс картиналары көрсетілуде. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, экрандарда көрсетілетін фильмдердің 90 процентке дейіні —американ фильмдері.

Индонезияның баспа сөзі мен жұртшылығы үкметтен американ кинокомпанияларының зорлық өктемдігіне қарсы шаралар қолдануын талап етуде.

Күндізгі сағат 3. Ипподромда лық толған халық. Олар желісті арғымақтардың алаңға шығуын асыға күтуде. Мұның ішінде қарттармен бірге, жас балалар да бар.

Жарыс желгіш арғымақтардың желісі мен ашылды. Алаңда жеңіл арбаларға жегілген екі торы және бір сұр арғымақ жарысқа дайындық жасап жүр. Ал уақыттан кейін старт берілді. Жарыстың алғашқы минуттарында арғымақтар бірімен-бірі арбасып, қатар отырды. Әсресе, ақын Абай суреттегендей: «Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ» әдеміше келген сұр арғымақтың желісін жұртшылық көз жазбай байқап отырды. Ол финишке жақындай бергенде аққан бойымен екі торы арғымақтың алдына шықты.

Бұдан кейін жарыс алаңына қара арғымақ пен ақбақай қара қасқа арғымақ шықты. Жарыстың бірінші айналымында қара арғымақ бұралақтап, біраз кейін қалып қойса да, финишке қара қасқа арғымақтан көп ілгері келді. Бұған риза болған жұртшылық ат жегушіні ду қолшапалақтап қарсы алды. Осымен жеңіл арбаға жегілген арғымақтардың жарысы аяқталды.

Енді ипподром алаңында жал құйрығына қызыл ленталар байлаған бәйге аттары келе бастады. Олар старт беретін жерге келіп, қаз-қатар сап түзеп тұрды. Бұлардың ішінде Приишім ауданындағы «Образец» ауылшаруашылық артелінің «Мальчик», Ленин ауданындағы «Еңбек» ауылшаруашылық артелінің «Қапар», қаладағы ет комбинатының «Налет» деген аттары бар.

Жарыстың бас кезінде салт аттылар бір-бірінен оза алмай, қатарласа шауып отырды. Ет комбинатының аты біраз шапқаннан кейін, басқа аттардың тегеуірініне шыдамай қатардан шығып қалды.

«Еңбек» ауылшаруашылық артелінің сұр аты жарыстың соңына дейін үнемі алда отырды. Жыйналған жұртшылық сұр ат ұзып шығар деп үміттенген еді. Мына кенет шебердіктерін көрсетті.

Бәйгенің ең қызықты кезеңі—16 километрлік жарыс басталды. Бұл жарысқа Ленин ауданындағы Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің «Невидимка», Приишім ауданындағы «Бостандық» ауылшаруашылық артелінің «Летучка» және Ленин ауданындағы «Еңбек» ауылшаруашылық артелінің өткен жылғы жарыста озып шыққан «Сейіт» деген аттары қатысты.

«Еңбек» ауылшаруашылық артелінің құла аты он айналғанша үнемі алда отырды. Бірақ, 11 айналымнан былай қарай құла ат шабысын бәсеңдетіп, кібіртіктей берді. Ақыры 11 айналымның соңында ақсап, одан әрі шабуға жарамай қалды. Бұл уақытта Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің торысы оқтай зулап, алға шықты. Жанар қызған сайын шабысын өрістете түсті. Сөйтіп, «Бостандық» ауылшаруашылық артелінің атын алға түсіртпеді. Ақыры финишке 26 минут, 6,4 секундта келіп, облыс бойынша осы қашықтықтан бірінші орынға ие болды. Ал, «Бостандық» ауылшаруашылық артелінің аты торы аттан 6,4 секунд кеш қалды.

Бәйгенің қорытындысында аттары бірінші, екінші орынға ие болған ауылшаруашылық артельдеріне облыстық физкультура және спорт комитетінің дипломдары тапсырылды. Атқа шапқан балаларға ақшалай сыйлықтар берілді.

Р. ДӘУІРОВ.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Кинолардағы

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТЫНЫШТЫҚТЫ БҰЗУШЫЛАР»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Петропавлдың элеваторына түпкілікті жұмысқа тасшылар, ағаш шеберлері, жүк тиеушілер және жұмысшылар керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Осипенко көшесі, 5-үйге, кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында «Тыныштықты бұзушылар» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01270.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.